

ҚАЛА МЕН САЛА

**БИЫЛ 8000 ҮЙГЕ ГАЗ ТАРТЫЛАДЫ**

5-БЕТТЕ



БІЛІМ

**ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

10-БЕТТЕ



ӘЛЕУМЕТ

**ҮМІТ ҮЙІ**

11-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

NurSultan ҰЛЫ ДАЛА ЖҮРЕГІ

ASTANA AQSHAMY

30 жыл ОҚЫРМАНМЕН БІРГЕ!

№85 (4054) Сейсенбі 21 шілде 2020 жыл

# КҮНКӨРІСІ ТӨМЕНДЕРГЕ КӨМЕК БЕРІЛЕДІ

**20 шілдеден бастап 1 миллионнан аса қазақстандықтарға азық-түлік және тұрмыстық жиынтық үшін төлем беріледі. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 20 шілдеден бастап айдың аяғына дейін 5556 теңге көлеміндегі төлем әлеуметтік ахуалы төмен азаматтардың банк картасына жіберіледі.**



**ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМДІКТЕР ҚОЛДА БАР ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӘНЕ ТҰРМЫСТЫҚ ЖИЫНТЫҚ АЛУҒА ҚҰҚЫЛЫ АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІН БЕКІТЕДІ. СОДАН СОҢ ТӨЛЕМ АЛАТЫН АЗАМАТТАРҒА ШІЛДЕ АЙЫНА 2 АЕК (5556 ТЕҢГЕ) КӨЛЕМІНДЕ ҚАРЖЫ ТАРАТЫЛАДЫ. БҰЛ ТӨЛЕМДІ МЫНАДАЙ АЗАМАТТАР АЛАДЫ:**

1. АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНА КІРЕТІН 6 ЖАСТАН 18 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР
2. МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕ ТҰРАҚТЫ ТҰРАТЫН МҮГЕДЕКТЕРДІ ҚОСПАҒАНДА, 16 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ МҮГЕДЕК БАЛАЛАР
3. МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕ ТҰРАҚТЫ ТҰРАТЫН МҮГЕДЕКТЕРДІ ҚОСПАҒАНДА, БАРЛЫҚ ЖАСТАҒЫ I, II, III ТОПТАҒЫ МҮГЕДЕКТЕР
4. МҮГЕДЕК БАЛА ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН АДАМДАР
5. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ЖЕРГІЛІКТІ ОРГАНДА ТІРКЕЛГЕН ЖҰМЫССЫЗ АЗАМАТТАР

**АДАМДАРДЫҢ БІР-БІРІМЕН БАЙЛАНЫСЫН БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ ЖҰҚПАЛЫ ДЕРТТІ ЖҰҚТЫРУ ТӘУЕКЕЛІН АЗАЙТУ ҮШІН АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӘНЕ ТҰРМЫСТЫҚ ЖИЫНТЫҚТЫ 2 АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШКЕ АУЫСТЫРҒАНЫ МӘЛІМ. БИЫЛ НАУРЫЗДАН МАМЫР АЙЫНА ДЕЙІН ЕЛІМІЗДЕГІ 1 МИЛЛИОННАН АСА АДАМ 13,5 МЛРД ТЕҢГЕНІҢ ТӨЛЕМІН АЛДЫ. ПРЕМЬЕР-МИНИСТР 14 ШІЛДЕДЕГІ ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӘНЕ ТҰРМЫСТЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕУГЕ ӘКІМДЕРГЕ ТАПСЫРМА БЕРДІ.**



# COVID-19-ДЫ ЕМДЕУГЕ АРНАЛҒАН ЖАБДЫҚТАР ЖЕТКІЗІЛДІ

Елорда ауруханалары мен емханаларына коронавирус пен пневмонияны емдеу үшін қосымша медициналық жабдықтар түсті. Олардың ішінде 150 флуометр, 350-ден астам оттегі концентраторы бар. Таяу күндері өкпені жасанды желдетуге арналған 50 аппарат жеткізіледі.

Мемлекет басшысы Covid-19-ға қарсы күрес мәселесі туралы кеңесте медицина мекемелерін оттегімен және басқа да медициналық жабдықтармен қамтамасыз етуді тапсырды. Жақын күндері қала ауруханалары мен емханаларына тағы 250-ден астам оттегі концентраты, 350 флуометр, 2 компьютерлік томограф және т.б. жабдықтар түседі.

Қала әкімі Алтай Көлгінов емхана мен ауруханалардың басшыларымен өткізген онлайн жиналыста астанада қатаң карантин шаралары енгізілгеннен бері, дәрігерлер мен медицина мекемелеріне жүктеме азайғанын атап өтті.

*(Соңы 4-бетте)*

**COVID-19 ҚАЗАҚСТАНДА**

| | |
|---|---|
| АУРУ ЖҰҚТЫРҒАНДАР: | 71838 |
| ЖАЗЫЛЫП ШЫҚҚАНДАР: | 43401 |
| ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР: | 585 |

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# БІЗ ХАЛЫҚТАН ЕШТЕҢЕНІ ЖАСЫРМАУЫМЫЗ ҚАЖЕТ



**Қасым-Жомарт Тоқаев COVID-19 індетінің таралу ахуалы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысын өткізді. Президент Үкімет пен әкімдердің жұмысын қатаң сынға алды. «Баяндама бетінде жағдай бақылауда болғанымен, іс жүзінде олай емес. Президент Әкімшілігіне еліміздің барлық дәріханаларындағы дәрі-дәрмектерді тексеру жөнінде тапсырма бердім. Нәтижесі көңіл көншітерлік емес. Батыс Қазақстан, Атырау, Жамбыл, Қарағанды облыстарында, Нұр-Сұлтан мен Алматыда дәрі тапшылығы, ұзын-сонар кезек әлі де бар. Аса қат дәрілердің бағасы қымбат екені анықталды. Көлеңкелі бизнестің көлемі артып бара жатыр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.**

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Құқық қорғау органдары көтерме және бөлшек саудамен айналысатын дәріханаларда рейдтер мен тексерулер жүргізген. Тексеру қорытындысы бойынша заңсыз дәрі-дәрмек саудасымен айналысқан 270 адам қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылған, оның 116-сы – медицина қызметкері. Мемлекет басшысы бұл бағыттағы жұмыстардың жалғаса беретінін, сондай-ақ кінәлілер заңға сәйкес жазаланатынын атап өтті.

Президент Үкіметтің індет пен өкпе қабынуының статистикасын біріздендіру туралы шешімі пандемияның таралу көлемін нақты көруге мүмкіндік беретінін айтты. Сонымен қатар статистика мен сараптамалардағы кемшіліктердің, жоспарлаудағы тиімсіздіктің кесірінен өңірлер өздеріне қажетті дәрі-дәрмектің көлемін нақтылай алмай отырғанын жеткізді. Барлық проблема жұмысты дұрыс жоспарламаудан басталатынын айтқан Қасым-Жомарт Тоқаев, мұны кәсіби шеберліктің төмендігі деп бағалады.

Елімізде шектеу шаралары қабылданғанымен халық әлі де отбасылық мерекелер жасауды жалғастырып жатыр. Атап айтқанда, мұндай жағдай Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстары мен Шымкент қаласында байқалады. Президент әкімдер карантин режимін сақтауға бағытталған түсіндіру жұмыстарын әлсіз жүргізгенін сынға алды. «Әкімдер аса күрделі жағдайда жұмыс істей алмайды. Өзекті проблемаларды шұғыл шешуді, азаматтарға мемлекеттік саясатты дұрыс түсіндіруді білмейді» деп мәлімдеді Президент. Оның ойынша, Үкімет мүшелері де, әкімдер де «тоқмейілсудің, масайраудың қақпанына түскен».

Жиын барысында азаматтарды тесттен өткізу мәселесі де қозғалды. Қазір күніне 32 мың адамнан сынама алатын деңгейге жеткенбіз. Дегенмен өңірлер арасында көрсеткіштердің алшақтығы байқалады. «Ауру жұқтырған адамдардың санын анықтаудың төмендігі – жергілікті жерлердегі лабораториялардың тиімсіз жұмысының нәтижесі. Мұны нақты көрінісі жасырып қалу деп бағалауға да болады. Үкіметке аймақтар арасындағы тестілеу нәтижесін реттеуді қатаң бақылауға алуды тапсырамын. Біз ешнәрсені жасырмауымыз керек» деді Мемлекет басшысы.

Бүгінде жұқпалы ауру жұқтырған азаматтарға арналған төсек-орындар көбейген. Бірақ бұл өзге медициналық қызмет көрсету орталықтарын жабудың есебінен артып отыр. Соның салдарынан азаматтарға медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігі төмендеп кеткен. Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен әкімдерге созылмалы ауруы бар азаматтарға, сондай-ақ жүкті әйелдерге жоспарлы медициналық көмек көрсетуді кезең-кезеңімен қалпына келтіру жөнінде тапсырма берді.

Президент ауыр дертке шалдыққан азаматтардың саны көбейіп кеткеннен кейін ауруханаларды оттегімен қамтамасыз ету мәселесінің күн тәртібіне шыққанын айтты. «Мемлекеттік органдардың тарапынан үйлестіру жұмыстары дұрыс жүргізілмегендіктен, халық бұл мәселені өз бетімен шешуге талпынуда. Бұл ешқандай қисынға сай келмейді! Азаматтар өндірістік баллондарға құйылған оттегі сатып алып жатыр. Бұл – ауруханалардың тікелей міндеті. Жеке үйлер мен пәтерлерде өндірістік баллондардағы оттегіні пайдалану деректері анықталған. Үкімет пен әкімдер бес күн ішінде ауруханаларды оттегімен қамтамасыз ету және үй жағдайында оттегі баллондарын пайдалану проблемаларын шешуі керек» деді Мемлекет басшысы.

Президент қалалардағы ахуалды тұрақтандырамыз деп, ауыл тұрғындарын ұмытып кетпеуіміз керек екенін атап өтті. Өйткені халқымыздың жартысына жуығы ауылдық жерлерде тұрады. Бүгінде ауылдағы азаматтар үшін диагностика және емдеу шаралары қолжетімді емес екенін айта келе, Қасым-Жомарт Тоқаев оларға қарапайым дәрі-дәрмектің жетпей жатқанына тоқталды. «Ауыл-аймақтарда медицина кадрларының тапшылығы және қажетті инфрақұрылымның жоқтығы жығылғанға жұдырық болып отыр. Үкімет 2300 әмбебап мобильді бригаданың жасақталғанын баяндады. Алайда олар, негізінен, қала тұрғындарына ғана қызмет көрсетеді. Ауылды назардан тыс қалдыруға болмайды! Үкіметке өңірлермен бірлесіп, барынша қысқа мерзімде ауылдарды диагностика және емдеу ісімен, сондай-ақ қажетті дәрі-дәрмекпен, медициналық құрылғылармен қамтамасыз етуді тапсырамын» деді Президент.

Мемлекет басшысы кейбір пысықтар пайда табу үшін барлық адамгершілік қағидаттарды аттап өтіп, халықты алдау мен бопсалаудан тайынбай отырғанын жеткізді. Мәйітханалар мен жерлеу қызметінде сорақы тірліктер жасалып жатыр. «Соңғы екі аптада мәйітті тасымалдау және жерлеу үшін төленетін ақы қатты өсіп кеткен. Мұны көпшіліктің қалтасы көтере бермейді. Әкімдерге бір күн ішінде «жерлеуден жемтік іздегендерді» жөнге келтіруді тапсырамын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы дертке шалдығушылар санының артуы, індет рейтингіне ғана емес, Қазақстанның инвестициялық ахуалына, туристік әлеуетіне және елімізге тартылатын жаңа технологияларға да кері әсер ететінін атап өтті. Үкімет барлық сын-қатерлерді жою үшін бұл жағдайды өзінің жұмыс жоспарында ескеруі керек. Қазақстан Президенті пандемия кезіндегі кез келген қате шешім, бюрократиялық кедергілер, жауапкершіліктен бас тарту жүздеген адамның өмірі мен денсаулығына зиян тигізуі мүмкін екенін баса айтты.

Жиын соңында Мемлекет басшысы COVID-19 жөніндегі барлық дерек, оның ішінде, статистикалық мәліметтер Үкіметтің айрықша құзыретінде болуы қажет екенін мәлім етті. Өйткені бұл жекелеген адамдардың жалған ақпарат таратып, қоғамды адастырудан сақтайды.

# ЗАҢСЫЗ ДӘРІ САТҚАН 138 ДӘРІГЕР ҰСТАЛДЫ

**Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев Президентке дәрі-дәрмекті заңсыз сатудың жолын кесу және карантин шараларын бұзу фактілері туралы баяндады. Қасым-Жомарт Тоқаев індеттің таралуына қарсы күрес мәселелері жөнінде өткен селекторлық кеңесте құқық қорғау, денсаулық сақтау және жергілікті атқарушы органдар дәрілік заттар мен медициналық құрал-жабдықтарды сату бойынша құқық бұзушылықтарды анықтауда және оның жолын кесуде тұрақты түрде ведомствоаралық жұмыс жүргізу қажеттігін баса айтты.**

Кеңесте Ішкі істер министрі Е.Тұрғымбаев есеп беріп, ІІМ денсаулық сақтау және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, 18 мыңнан астам рейд жүргізгені туралы баяндады. Көрсетілген кезеңде барлығы 4000-нан астам карантинді бұзушылар анықталып, шара қолданылды. Атап айтқанда, мұндай жағдай Алматы қаласында, Ақмола, Түркістан, Алматы және Жамбыл облыстарында көп тіркелді.

Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды заңсыз сатудың жолын кесу бойынша (5 шілдеден бастап) ішкі істер органдары заңсыз айналымнан 65 мыңнан астам қорап дәрілік препараттарды, жарты миллион медициналық маска мен 36 мың медициналық бұйымды тәркілеген. Олар қымбат бағада сатылған. Сондай-ақ ішкі істер органдары дәрілік заттарды заңсыз сатудың 348 фактісінің жолын кесті. Полицияға 284 адам жеткізілді, оның 138-сі – медицина саласының қызметкерлері. Дәрі-дәрмектің көп көлемі Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Қарағанды және Атырау қалаларында алынды.



Алынған медициналық препараттар аумақтық денсаулық сақтау органдарына беріледі. Сонымен қатар Е.Тұрғымбаев ішкі істер органдары жүргізіп жатқан қоғамдық тәртіпті сақтау және қолданыстағы шектеу шараларын қамтамасыз ету жұмыстары туралы баяндады. Бұл міндеттерді орындау үшін күнделікті 13 000 полицей, Ұлттық ұланның әскери қызметшілері және 1000 ерікті жұмыс істеуде. 4 облыста 2 санитариялық және 9 блокбекет қойылды. 241 жұқтыру ошағы мен 366 карантиндік нысан қоршауға алынды.

Кеңес қорытындысы бойынша, Президент ішкі істер органдары бұл бағыттағы жұмысты жалғастыратынын, ал кінәлілер заңнамаға сәйкес жазаланатынын атап өтті. Бұл тапсырманың іске асырылуын бақылау ҚР Президенті Әкімшілігінің үйлестіруімен Қауіпсіздік Кеңесінің Аппаратына жүктелді.




# ЕЛОРДАҒА 23 ТОННА ДӘРІ-ДӘРМЕК ЖЕТКІЗІЛДІ

**«Елордаға Covid-19, пневмония және басқа да бірқатар ауруларды емдеуге арналған дәрі-дәрмектердің тағы бір партиясы жеткізілді.**

«Кеше кеште бас қалаға 23 тоннадан астам дәрі-дәрмек жеткізілді. Бұл жүк гуманитарлық көмекке жатпайды. Дәрілерді дәріхана желілерінің дистрибьюторлары сатып алды. Оларға дәрі-дәрмектерді сатып алу үшін айналым қаражатын бөліп, тасымалдауға көмек көрсетіп жатырмыз. Дәріханаларға дәрі-дәрмектерді жеткізу бойынша жұмыстар жүргізілуде» деп жазды Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов өзінің инстаграмдағы парақшасында.

Дәрі-дәрмектер жүк ұшағымен (Үндістаннан) және жүк көліктерімен жеткізілген. «Апта басында 30 тоннадан астам дәрі әкелінді. Бүгін және ертең қалаға тағы 22 тоннадан астам дәрі жеткізіледі. Дәріханаларға дәрі-дәрмектерді жеткізу тұрақты негізде жүргіземіз» деп түсіндірді қала басшысы.

Дәріхана жүйелерінің дистрибьюторлары елордаға әкелген дәрі-дәрмектердің қатарында ксарелто, ингавирин, клексан, парацетамол, тромбо АСС, азитромицин, анаферон, сумамед, лидокаин, кардиомагнил, цефтриаксон, эргоферон және тағы басқалары бар.



# ҚАЗАҚСТАННАН БАСҚА ОТАН ЖОҚ

**Мен кісі танысам, Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев қолы таза адам. Харамнан мал жиып, тобырдан топ құрып, иман сенімін, абырой беделін лас дүниеге айырбастаған адам ол емес.**

Айтаққа еріп, айнала шауып, ойқастап кеткен кезін де көрген жоқпыз. Шынымызды айталықшы, Қазақстанның жаңа тарихында билікке араласқандардың арасында жаман істерден бойын аулақ ұстап, арын таза сақтап қала алғандар көп пе? Қай басшыға таза адам деп мінездеме бере алар едіңіз? Біздің биліктегілер ұят иман, обал сауап иммунитетінен аластайтын пандемияға шырмалғалы қай заман?! Сол қара тасқынға тосқын қойылар кез жеткенін халық біліп отыр. Наразылықтың, әсіресе соңғы кезде қатты өршіп кеткені де содан. Ел сең қозғалғанын сезді, бұған енді бөгдедей бөгет, тосқауыл жоқ. Тек алға жүру ғана бар. Президентіміз маңындағылардан өз бойындағы тазалықты, өз бойындағы зиялылықты, білімпаздықты, мәдениетті талап ететіні көрініп тұр. Оған қарсылар көп болатыны да содан. Тазарту дегеніміз – жаңадан жасап шыққаннан да гөрі қиямет жұмыс дейді Шығыс мәтелі. Ол рас. Одан гөрі бәрін көлденеңдетіп белінен бір-ақ сызып қайта бастау оңай шығар, бірақ бұл әдіс біздің елде жүрмейді.

Ілекең, Ілияс Жансүгіров кезінде:

Халқыңның сырын өзің білесің де,
Ісіне күйесің де, күлесің де,
Қаласың кейде ренжіп, кейде мәз боп,
Әйтеуір, сол халықты сүйесің де, – дегенде осының бәрін басынан өткерген соң жазған. Асылы, бұл дүниеде жаңа ешнәрсе жоқ деген дұрыс сөз. Біздің зиялылардың ұстанымдары, дүниетанымы, қалыптасу принциптері басқаша болып келді. Кейбіреулердің Президентімізге «Сталин бол!», «Назарбаев бол!» деп теп-тегін ақылдарын тепе-тең үлестіріп жүргендерін көзіміз көріп отыр. Ешқашан ешкімге разы болмайтын енді бір топ сол баяғы керауыздыққа салып атқарылған орасан көп жұмыстардың бәрін де жоққа шығаруда. Әлбетте, кім болу, қай жолды ұстану – Президенттің өзі шешетін мәселе. Менің ойымша, ол Сталин де емес, басқа да емес, Тоқаев болуы керек. Себебі елге жаңа леп керек. Жаңа көзқарас керек. Таза ауа керек!

Мына індет көп нәрсенің бетін ашты, кім екенімізді, жаһанның жанталаса жұмыс істегенмен жақсы нәтижелерге қол жеткізудің қиындығын көрсетті. Бірақ елде ауызбіршілік бар. Ең басты жеңісіміз осы болса керек. Қазақ дәрігерлер әлемі бұрын-соңды мұндай сынды басынан кешірген жоқ. Шаш шараф, ізет үрмет оларға! Олар халықты қалай сыйласа, халық та, Президентіміз де оларды солай құрметтеуде. Осы сапарда жан тапсырғандарды ақ шейіт деп бағалайық және бұл дәстүр әрі қарай жалғасын табатынына сенеміз. Халықты қолы да, жолы да лас адамдар басқара алмайды, басқарам деген күннің өзінде ондай биліктің түптің түбінде берекесі кететінін ел көріп отыр. Халық біріксе таза адамның ғана маңына топтасады. Індеттің кететініне сенелік. Ешқандай пәле мәңгі орнап қалмайды. Бұл сынақ. Рас, билік дайын еместігін көрсетті. Рас, осындай қысылтаяңда пиғылы жаман адамдар қара басының қамымен пайда тауып қалуға ұмтылып жүргенін де көрдік. Халық шаруашылығы салаларын мамандар емес, кездейсоқ менеджерлер басқарғандықтан ойсырап қалғанының да куәсі болдық. Ел осының бәрін айта бастады. Кеше айта алдық па? Бірақ айту деген аузына ақ ит кіріп, көк ит шығып қоясын ақтару емес. Ескі өлеңде айтылғандай жылауға рұқсат берілді екен деп даланы басымызға көтеріп байбалам салу емес. Берекет табыңыз, бір сәт әлеуметтік желілердегі мақалаларға және оларға жазылған комментарийлерге назар аударып көріңізші, қазақ XXI ғасырдың толыққанды ұлты емес, ортағасырлардың бауын шуына малып, өз нәжісіне өзі малтып жүрген қара тобыры емес пе деп ойлап қалуыңыз әбден мүмкін. Әдеп иесі болуға тиіс әйелдер әлеуметтік желілерді шаңқылдап, шаптығысатын алаңға айналдырып алған секілді. Әйел секілді еркектер туралы әңгіме басқа. Мен бұрын кешегі Мұхаң («Бесігінді түзе»), Ғабең («Ана туралы, әйел хақында...»), Сәбеңдер («Ботагөз») неге ылғи әйел әдебі туралы жаза берген деп ойлаушы едім, соның мәнін енді түсініп келе жатқан секілдімін. Сонда біздің 100% сауатты елге айналып, әлемдік мәдениет қайнарларынан сусындап өскен, өркендеген, қалыптасқан, толған, толысқан ұлтқа айналғанымыз қайда? Тап мына түрімізге қарағанда кешегі ат тағалап, атан қомдап өскен, «бір ұрты қан, бір ұрты май қазақтар» (Абай) бізден гөрі анағұрлым мәдениетті, анағұрлым парасатты болған сыңайлы ғой.

Ел қиналып жатқанда сырттан тегін келген дәрі-дәрмекті саудаға салатындар күн сайын ұсталып жауапқа тартылуда. Кейбіреулер бұдан былайғы жерде ақша жеп қойғандарды ғана емес, қолынан іс келмей орнынан түскен Үкімет мүшелері мен әкімдерді де жауапқа тарту керек деп талап етуде. Екі-үш жыл министр не әкім болады, ішеді, жейді, соңында түк болмағандай сүттен ақ, судан таза болып «денсаулығына байланысты» немесе «басқа жұмысқа ауысуына байланысты» көзден таса, көңілден ғайып болып кете барады. Бұлардан неге жауап алынбайды? Ондайлар о баста қайда, неге бара жатқанын білмеді емес, білді ғой. Жұмыртқадан жүн қырқатындар бізді әлі талай уақыт өкшелеп отырады. «Әуелі экономика» деген сөзді ебін тап та екі асап үйрен деп түсінгендердің қайта тәрбиеленуі қиын. Қазақтың зиялылары мұның буынға түскен жегі құрт екенін айтумен келеді, әлі де айтуда. Бірақ оған құлақ асқан билік болмады. Ұлт зиялыларына «жаңа заман талабын дұрыс түсінбейтін консервативті топ» деп ат қойып, айдар тағылып, идеялары күресінге тасталды. Есесіне түйені түгімен, биені бүгімен жұта білетіндер «менеджерлер» деген жаңа есіммен айбарланып, ат ойнатып алға шықты. Итке итсің деп айта алмау қандай жаман. Әсіресе оның ит екенін шыққыр көзің көріп тұрса. Қазақстан маман даярлаудан гөрі, кадр даярлаудан гөрі бір орталыққа, бір мақсатқа бағынған менеджерлер тобырын дайындауға битін сығып кірісті. Мұның несі жаман десеңіз, менеджерлер деген сала мамандары емес, тек қаржы-қаражат ағымын бақылап, керек жүйеге бұрып отыратын жанды роботтар үйірі болып шықты. Қазақстанда жүздеген жылдар бойы қалыптасқан мұнайшылар династиялары болды, жетпіс-сексен жыл бойы қалыптасқан диқандар, агрономдар, металлургтер, механизаторлар, мұғалімдер, малшылар әулеттері болды. Қайда солар бүгінде? Таза еңбек адамдарына деген құрмет қайда? Мұнайды жеті ата, жетпіс жеті бабасында қолына бұрғы ұстап көрмеген қу аяқ менеджерлер басқарғаны нәтижесінде ел арасы бүлінген кезде болды, бірақ одан нәтиже шыққан жоқ. Малшы асылы малын баққаны дұрыс, ол металл қорытып қатырмайды.

Қазір әркім әр жаққа тартпай Президентіміздің маңына топтасып жұмыс істеуіміз керек. Ол екі қарпып, бірін өзіне алып қалатын адамға мүлде ұқсамайды. Біз бағынсақ, тазалыққа бағынамыз.

Бұл бізді толғандырып жүрген мәселелердің бір парасы ғана. Көңіл жеткен жерлерге өмір жеткей, әлі талай айтатын боламыз. Біз де Қазақстаннан басқа Отан жоқ. Оны меншіктеп алуға ешкімнің хақысы жоқ. Ол – қазақтың ортақ байлығы.

Біз жаңа басшылықтан Мұхтар Әуезовтің тілімен айтсақ, жыл келгендей жаңалық күтеміз және осы жолда қолдан келген көмегімізді аямаймыз.

**Есенғали РАУШАНОВ,**
**ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты**
*«Egemen Qazaqstan»*

# «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНАНЫҢ» ДӘРІГЕРЛЕРГЕ КӨМЕГІ

**«Самұрық-Қазына» әл-ауқат қоры мен Денсаулық сақтау министрлігі COVID-19 індетіне қарсы күресте ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.**

Төлен **ТІЛЕУБАЙ**

Меморандум аясында «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры 100 жедел жәрдем көлігін, 1000 оттегі концентратын, 50 өкпені жасанды желдету аппаратын, 1000 пульсоксиметр және 3000 «Авифавир» вирусқа қарсы дәрісін сатып алып, Денсаулық сақтау министрлігіне тапсырды. Медицинадағы тапшылыққа байланысты көмектің мұндай түрлері Денсаулық сақтау министрлігімен келісіп, таңдалды.

«Бұл шаралардың барлығын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қолдады. Өздеріңіз білетіндей, жақында Елбасымен кездесу өтіп, онда ол қордың ішкі қорынан Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында екі медициналық орталық салуға қаражат бөлуді тапсырды. Бұл орталықтар халыққа медициналық қызмет көрсету үшін ғана емес, сонымен қатар ғылыми-зерттеу әлеуетін шоғырландыруға септігін тигізеді. Аталған жұмысты біз бастадық, қаражатты резервке салдық» деді салтанатты рәсімде Ахметжан Есімов.

Сөз соңында қор басшысы Денсаулық сақтау министрлігінен медицина орталықтары бойынша техникалық тапсырма алуды тездетуді, ал аталған қалалардың әкімдерінен тиісті коммуникациялары бар жер учаскелерін бөлуге өтініш айтты. «Денсаулық сақтау министрлігінің атынан Қордың көрсеткен корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі және жұқпалы ауруларды, оның ішінде COVID-19 індетінің өршуіне қарсы күресте ұлттық денсаулық сақтау жүйесін нығайтуға ықпал еткеніне алғыс білдіремін. Меморандум қазіргі эпидемиологиялық қауіп-қатерге дер кезінде және қажетті шаралар қабылдауға мүмкіндік беретініне сенімдімін» деді Алексей Цой.

«Авифавир» – клиникалық сынақтарда тиімділігін растаған әлемдегі індетке қарсы екі дәрінің бірі. Бұл дәріні «Самұрық-Қазына» қоры «Ресей тікелей инвестициялар қорының басқарушы компаниясы» АҚ-нан сатып алған. Ахметжан Есімов дәріні жасаушы «Ресей тікелей инвестициялар қорының басқарушы компаниясы» АҚ-мен онлайн-конференция барысында оның басшысы Кирилл Дмитриевке осы препараттарды сатып алу мүмкіндігі үшін алғыс айтты.

# COVID-19-ДЫ ЕМДЕУГЕ АРНАЛҒАН ЖАБДЫҚТАР ЖЕТКІЗІЛДІ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Сонымен қатар елорда әкімі емханаларда амбулаториялық емдеуді күшейтуді жалғастыру қажетін атап өтті. Себебі науқастардың 60%-дан астамы, бірінші кезекте, қаладағы емханаларға жүгінеді. Жұқпалы аурулар стационарларының дәрігерлері телемедицина құралдарын пайдалана отырып, Covid-19-бен күресуде өз тәжірибелерімен алмасуда. Телемедицина аясында онлайн-консультацияларды өткізу жалғасуда. Медицина қызметкерлері жоспарлы емдеуге алынатын науқастардың денсаулық жағдайын қадағалап, қажет болған жағдайда емдеуге жатқызады.



Осы аптада елордаға COVID-19, пневмония және басқа да бірқатар ауруларды емдеу үшін 80 тонна дәрі жеткізілген. Бүгін-ертең дәрі-дәрмектердің кезекті партиясы күтіліп отыр. Медикаменттер қорын толықтыру, қосымша медициналық жабдықтар сатып алу, жаңа инфекциялық төсек-орын дайындау мәселелері бақылауға алынған.

# «ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМДІ» ШАҚЫРУ АЗАЙДЫ

**Қала тұрғындары жедел жәрдем қызметіне маусым айының соңына қарай ең көп жүгінген. Жағдайды реттеу үшін қабылданған шаралар – әсіресе карантин енгізу, ахуалдық орталық құру, науқастарға телефон арқылы кеңес беру маңызды рөл атқарды. Соның арқасында жедел жәрдем қызметіне шалынған қоңыраулар саны екі есе азайды.**

Бүгінгі таңда жедел жәрдемге жүгінгендер саны 2200-ді құрайды, карантинге дейін 4000-ға жуық өтініш түскен. Сонымен қатар қоңыраулардың азайғаны байқалады. Қазір күніне 1400-ге жуық қоңырау түседі, бұған дейін олардың саны 3 мыңға жуық болған. Олардың ішінде коронавирус инфекциясына байланысты қоңыраулар саны 500-ге жуық еді, бүгін таңертең 182-ге дейін төмендеді (19 шілде). Яғни, екі есе азайған.

Дегенмен босаңсуға әлі ерте. «Алда күз, ЖРВИ маусымы. КВИ қайта өршуі де мүмкін. Біз бұған дайын болуымыз керек. Эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауы мүмкін екенін ескеріп, біз адамдарымызды, техникаларымызды дайындаудамыз. Автокөлік паркін кеңейтудеміз. Сондай-ақ тамыз айында 14 реанимобиль келеді деп күтілуде. Медицина колледждері түлектерінің арасынан қосымша қызметкерлерді іріктеу, оларды оқыту және дайындау жүзеге асырылуда» дейді Нұр-Сұлтан қалалық жедел жәрдем станциясының директоры Мұрат Оразбаев.



# БАЛАЛАРҒА ПАЙДАЛЫ ЖОБА

**ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жазғы демалыс кезеңінде балаларға білім беруге арналған «Пайдалы бос уақыт» атты жаңа жобаны бастады.**



COVID-19 пандемиясына қарсы күрес жүргізіп жатқан медициналық қызметкерлердің отбасыларына қолдау көрсету мақсатында құрылған жаңа қайырымдылық жоба карантиндік демалыс кезеңінде балалардың ой-өрісін кеңейтіп, олардың рухани азық алуына және бос уақыттарын пайдалы өткізуге үлес қосатын болады.

Жоба аясында балаларға өнер және спорт бағыттары бойынша онлайн сабақтар мен шеберлік кластары ұсынылады. Онлайн сабақтарды белгілі өнер және спорт қайраткерлері тегін өткізеді. Жаңа бастаманың басты ерекшелігі – балалар қызығушылықтары бойынша онлайн сабақтарды өздері таңдай алады. Өнер бағыты бойынша: домбыра, фортепиано, скрипка, гитара, эстрадалық ән айту, сурет салу, актерлік шеберлік, ал спорт бағыты бойынша: еркін күрес, классикалық күрес, дзюдо, гимнастика, бокс, таэквондо сабақтары өтеді.

# СУҒА ҚАЙДА ТҮСЕСІЗ?

**Елордада ревизия жүргізген комиссия қала тұрғындары шомылуға рұқсат етілетін үш орынды белгіледі. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметінен мәлім етті.**

Бүгінгі таңда елордада халыққа арналған 23 шомылу орны белгіленген. Олардың әзірге үшеуіне суға шомылуға рұқсат етілген. Олар: Орталық жағажай, «Три пескаря» мен «Столичный двор» демалыс орны.

«Карантин режимі тоқтатылғаннан кейін елорда тұрғындары мен қонақтары көрсетілген осы орындарда ғана суға түсе алады. Қалған 20 орында қалалық мәслихаттың 2017 жылғы 12 желтоқсандағы шешімінің 8-тармағына сәйкес шомылуға тыйым салынған» деп хабарлады ведомствоның баспасөз қызметі.



*Беттегі суреттер ғаламтордан алынды*



# АЛЫПСАТАРЛЫҚ ЖАСАҒАН ДӘРІХАНА ИЕЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

**Қалалық прокуратура, полиция, мемлекеттік кірістер, экономикалық тергеу, фармацевтикалық бақылау қызметкерлерінен тұратын ұтқыр топ дәрі-дәрмектерді үстеме бағамен өткізіп, алыпсатарлықпен айналысатындарды анықтау үшін күн сайын жұмыс жүргізеді.**

Соның бірі – I-teka қосымшасын қолдану арқылы әлеуметтік желілердегі (Инстаграм, Facebook, Telegram, WhatsApp) хабарламаларды зерделеп, бағаларды қадағалап отырады. 17 шілдедегі жағдай бойынша, 30 дәріхана дәрі-дәрмектерді, сонымен қатар Қазақстанда тіркелмегендері де бар, қымбат бағамен сатқаны анықталды. Қаралған материалдар негізінде 11 дәріхананың иесі фармацевтикалық қызмет ережелерін және дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың айналымын бұзғаны үшін жауапқа тартылды. Олардың әрқайсысына 180 570 теңге айыппұл салынды.

Атап айтқанда, «Лайм Фарм» ЖК, «Асильбаева Д.А.» ЖК, «Ансар-Фарм» ЖШС, «Medi Lab Smartpharma» ЖШС, «Баязитова Ж.К.» ЖК, «Абдильбаева А.Т.» ЖК, «Мамаева А.К.» ЖК, «Сулейменова А.Ж.» ЖК, «Базикова и ЮК» ЖШС, «Фарм-Бизнес Астана» ЖШС, «Бермаханова К. Ш.» ЖК.

«Егер заң бұзушылық бір жыл ішінде қайталанса, фармацевтикалық қызметпен айналысу лицензиясының қолданысын бір айдан алты айға дейін тоқтата тұру түрінде жауапкершілік қаралады» делінген Нұр-Сұлтан қалалық прокуратурасының хабарламасында. Сондай-ақ уәкілетті орган мамандары 19 дәріхана бойынша жинақталған материалдарды тексеруде. Қазақстанда тіркелмеген дәрі-дәрмектерді сату фактілері бойынша екі құқық бұзушыға қатысты материалдар сот қарауына жіберілді.

# ТӘРТІПКЕ КӨНБЕСЕҢ, АЙЫППҰЛ ТӨЛЕЙСІҢ!

**Бұл заң бұзушылықтар туралы материалдар Нұр-Сұлтан қаласының тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментіне жіберілді.**

Елордада 16 мониторингтік ұтқыр топ жұмыс істейді. Олар ойын-сауық орындарына, қоғамдық тамақтану нысандарына, сауна, монша, аттракциондарға барып, тексеріс жүргізеді. Соңғы тәулікте астанада карантин тәртібін бұзған 60 жағдай анықталған. Тәртіп сақшылары, эпидемиологтар, еріктілер, жергілікті атқарушы органдардың өкілдерінен құралған ұтқыр топ карантин режимін бұзғандарды анықтау бойынша рейд жүргізуде. Нәтижесінде маска тағу және әлеуметтік қашықтық сақтау бойынша міндетті талаптар сақталмаған 42 жағдай және тыйым салынған уақытта жұмыс істеген 18 кәсіпкер анықталды.

«Егер азамат ережеге әдейі бағынбайтын болса немесе сол заң бұзушылық бойынша қайта ұсталса, тиісті хаттама толтырылады. Азаматтардың көпшілігі түсіндіру жұмыстарын дұрыс қабылдап жатыр. Бірақ бұл іс-шаралар өздерінің қауіпсіздігі үшін өткізіліп жатқанын түсінбейтіндер де бар» дейді Айтуғанов.

# БАС ҚАЛА ҚАЛАЙ ГАЗДАНДЫРЫЛЫП ЖАТЫР?



**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Бес әлеуметтік бастама» атты халыққа үндеуінде елді әрі қарай газбен қамтамасыз етуді жалғастыруды тапсырған болатын. Әсіресе, орталық және солтүстік өңірлерді «көгілдір отынмен» қамтуға ерекше назар аударды. Сол мақсатта «Сарыарқа» магистралды газ құбырының құрылысы басталып, осы уақытта біршама жұмыстар еңсерілді. Атап айтқанда, елордаға 1 мың шақырым магистралды газ құбыры тартылды. Қазір орамішілік газ тарату желілері салынып жатыр. Әсіресе, бұл жұмыс жеке секторда қарқынды жүргізілуде. Қаланы газдандандыру ісі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен қала әкімі Алтай Көлгіновтің ерекше бақылауында тұр.**

Қыстың тымық күндері пеш жағудың салдарынан қаланы түтін басатыны белгілі. Әрине, қала экологиясына бұл жағдай кері әсерін тигізуде. Биылғы жылыту маусымы басталғанда «Көктал-1» және «Көктал-2», «Агрогородок», «Промышленный», «Железнодорожный» тұрғын алаптары және «Оңтүстік-шығыс» ауданының бірқатар үйлері газға қосылып, ЖЭО-1 және ЖЭО-2 «көгілдір отынға» ауыстырылады. Сол кезде экология да жақсарып, шеткі аймақ тұрғындарының өмірі жеңілдейді. Газдандырудың бірінші кезеңінде-ақ зиянды қалдықтардың ауаға таралуы 6 есеге немесе 40 мың тоннаға азаяды.

Биыл елордада жалпы 8 мың жеке үйге газ тарату желілерін салу жоспарланып отыр. Таяуда алғашқы әлеуметтік нысандар мен жеке үйлер газға қосылды. Қазір «Көктал-1», «Көктал-2» және «Агрогородок» тұрғын алаптарында желілердің 60 пайызы салынды. «Железнодорожный» тұрғын алабында бұл жұмыс 100 пайыз орындалды. «Промышленныйда» тиісті жұмыстар алдағы тамыз айының соңында аяқталуы тиіс. Бүгіндері ЖЭО-1 және ЖЭО-2-ден тұрғын алаптардағы үйлерге желілерді тікелей бұру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

– Елорданы газдандыру екі бағытта және үш кезеңде жүзеге асырылып жатыр. Бірінші бағыт – өндірістік сектор мен тұрғын алаптарды газдандыруға арналған газ тарату желілерін салу. Екінші бағыт – ЖЭО-ларды газға ауыстыру. Ал алғашқы кезеңде «Көктал-1» және «Көктал-2», «Агрогородок», «Промышленный», «Железнодорожный» тұрғын алаптары және «Оңтүстік-шығыс» ауданы газданырылады. Ол үшін тоғыз іске қосу кешені салынып бітті. Екінші кезеңде «көгілдір отын» «Мичурино», «Интернациональный», «Күйгенжар», «Тельман», «Пригородный» тұрғын алаптары мен Garden Village және Family Village коттеджер қалашықтарына жеткізіледі. Үшінші кезеңде «Үркер», «Шұбар», «Өндіріс» тұрғын алаптары газдандырылатын болады. Жобаны іске асыру мерзімі 2020-2023 жылдарға жоспарланған, – дейді Нұр-Сұлтан қаласы Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасының бөлім басшысы Мақсат Есмағұлов.

Оның айтуынша, газ тарату желілері тұрғын алаптардағы әр үйге дейін тартылады. Әрі қарай үй иелері газды баспаналарына өздері кіргізеді. Таяуда қала аудандарының әкімдері қалалық мәслихат депутаттарына шеткі аймақтарды дамыту мәселесі бойынша есеп берді. Сонда газдандыру қалай жүргізіліп жатқанын да баяндады.

Сарыарқа ауданының әкімі Ерғали Егембердінің мәлімдеуінше, «Көктал-1» тұрғын алабында 25 көшеге, «Көктал-2» тұрғын алабында 25 көшеге және «Агрогородокта» 33 көшеге газ тарату желілері тартылды. Ал Алматы ауданының әкімі Бектенбай Есполовтың сөзінше, «Железнодорожныйда» 650 үйді, «Промышленныйда» 2300 үйді газға қосу жоспарланып отыр.

– Қазір тұрғындарға газға қосылу мәселесін түсіндіріп жатырмыз. Бұл үшін Ж.Жабаев, 12/2 және Шалкөде, 3 мекенжайларында екі кеңсе ашылды. Мердігерлермен келісімге келдік. Олар «Железнодорожныйда» әлеуметтік қолдау ретінде өз қаржысына 10 үй мен №29 мектепті газға қосты, – дейді Б.Есполов.

Қазіргі таңда тұрғын үйлерге газ кіргізумен айналысып жатқан компаниялардың бірі «Нұр-Сұлтан Газ» аталады. Компания директоры Александр Райконың айтуынша, үйге газ кіргізу кемінде 300 мың теңге тұрады. Мұндағы 200 мың теңге – тиісті мамандардың жұмысы, 100 мың теңге – қазандықтың бағасы. Әрине, баға тұрғын үйдің шаршы метрі мен қазандық түріне байланысты өзгеріп отырады. Осы уақытқа дейін отыздан астам жеке үйдің иесімен келісімшартқа отырған компания тағы тапсырыстарды күтіп отыр.

Бетті дайындаған
Аманғали **ҚАЛЖАНОВ**

# ЖҰМЫСҚА ТҰРАМЫН ДЕСЕҢІЗ...



**Елордада «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020-2021» бағдарламасы аясында 105 жоба жүзеге асырылады. Бұған 61 млрд теңге бөлінді. Оның 17 миллиарды республикалық бюджеттен, 44 миллиарды мемлекеттік құнды қағаздарды сатудан түсіп отыр. Бағдарлама аясында 15 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары ашылады. Бұл – осыншама адам жұмыспен қамтылады деген сөз.**

Іске асырылатын жобалардың қатарында шаһардағы 140-тан астам аула мен 150 көшені жөндеу, 25 қоғамдық кеңістікті жоспарлау, бейімдеу орталығы мен екі мектептің құрылысы, көппәтерлі тұрғын үйлерге инженерлік желілерді тарту бар. Жұмыссыздар немесе пандемияға байланысты жұмысынан айырылғандар осы жобалар бойынша еңбекпен қамтылады. Бұл іс Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту орталығы арқылы жүргізіледі.

Әлемді жайлаған індетке байланысты қазіргі таңда орталық онлайн жұмыс режиміне ауысты. Бағдарламаға қатысу үшін елорданың Жұмыспен қамту орталығына 57-88-88 Call-орталық нөмірі арқылы хабарласу қажет. Жұмысқа тұрамын дейтін азаматтар жеке куәлікті, егер бар болса еңбек кітапшасын, білімі туралы құжатты (аттестат, куәлік, диплом), бар болған жағдайда курстардан өткенін растайтын құжаттарды (куәлік, сертификат) ұсынуы шарт.

Кешегі күнге дейін осы бағдарламамен 3906 адам жұмысқа тұрғызылды. Солардың кейбіреуімен әңгімелестік. Өзін Сәндібек деп таныстырған азаматтың құрылыс саласында істегеніне көп жыл болды.



Бірақ пандемияға байланысты жұмыс орнын жоғалтып, табысынан айырылды. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» арқылы екі қолға бір күрек табуға болатынын естіген ол қаланың Жұмыспен қамту орталығына жүгінді.

– Орталыққа барып, жаңа жұмыс орнына тұрдым. Қазіргі уақытта көппәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысына белсене қатысып, қаламыздың дамуына үлес қосып жатырмын, - дейді Сәндібек.

Николай Митрофановтың мамандығы – прораб. Үш жыл бойы ол жолдарды жөндеу жұмысымен айналысты. Бірақ биыл жұмысынан айырылып қалды. Аталмыш бағдарлама туралы досынан білген ол да қазір үйреншікті ісін қолға алды.

Рахат Ахметов – тәжірибелі құрылысшы. Ол – қасбетті әрлеудің шебері. Жақында жұмысынан қысқарып қалды. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасының арқасында қазір ол да нәпақасын тауып отыр.

Осындай жұмыс іздеп жүрген азаматтар немесе жұмыс қолы жетпей жатқан жұмыс берушілер 57-88-88 Call-орталығы арқылы, электронды пошта және мобильді байланыс құралдары арқылы онлайн кеңес ала алады. Қызмет түрлері туралы қосымша ақпарат қаланың Жұмыспен қамту орталығының (fs: @cz.astana.kz, inst: @czn_astana) әлеуметтік желілерінде қолжетімді.






**Әсел ЕСАЛИЕВА,**
дәрігер-реаниматолог:

## СИМПТОМ БАЙҚАЛСА, ДЕРЕУ ОҚШАУЛАНУ КЕРЕК

*– Бірінші кезекте егер бойыңызда қазір бәріміз білетін симптомдар пайда болса, дереу оқшауланып, бұл туралы дәрігерге хабарлау керек. Себебі КВИ белгілері ЖРВИ симптомдарымен ұқсас келеді. Өздігінен емделуге және өз бетінше антибактериалды препараттар қолдануға болмайды. Өйткені бұл дерт – вирустық инфекция, ол антибиотикпен емделмейді. Антибиотикті бактериалдық инфекция болғанда ғана тағайындайды. Қызу көтерілсе оны түсіретін дәрілер ішу керек, бұл негізінен, парацетамол, ал ол көмектеспей жатса ғана анальгин ішуге болады. Анальгин негізі науқастың жағдайын нашарлатып жібереді деп саналады. Температура көтеріле берген сайын адам ағзасы құрғай береді, бұл тромбоэмболикалық қауіпті күшейтеді. Сондықтан сұйықтықты жиі ішу керек. Алайда жүрек ауру болса, сұйықтықты абайлап ішу керектігін де ескеру қажет. Қызудың көтерілгеніне қаймығып, уайымға берілудің қажеті жоқ, температура орташа есеппен 3-4 күн солай тұрады. Сонымен қатар С витаминін ішуге кеңес береміз. Алайда оны да өз мөлшерінен асырмай пайдалану керек. «Прон-позиция» деген бар, яғни негізінен ішпен немесе бір қапталымен жатып ұйықтау қажет, мүмкіндігінше арқамен жатпаған дұрыс, себебі бұл жағдайда өкпенің артқы жағына ауа толық бармайды. Дәрі-дәрмекті өз бетінше пайдалана беруге болмайтынын айттық. Мен тіпті кей пациенттер Ксарелто дәрісін де өз бетінше алып ішкені туралы естідім, бұл дәрі нағыз антикоагулянт, ол біреуге болады, ал біреуге мүлдем жақпайды. Ксарелто кей адамда қан кетіру қаупін туғызуы мүмкін, себебі көбі асқазанында ойық жара бар ма, жоқ па білмейді. Тамақтануға келсек, әрине, тағам құнарлы, әрі пайдалы болуы керек. Түрлі ет сорпасы, сүт өнімдері, лимонмен, таңқурай тоспасымен шәй ішкен абзал. Мұны енді әдеттегі ЖРВИ аурулары кезіндегі ем ретінде кез келген адам біледі. Зімбір мен қыша (хрен) пайдалану - иммунитетті көтеретін алдын алу шарасы ретінде қолдануға болатын ем-домдар, бірақ олар вирустан емдемейді. Оларды да өз мөлшерінен асырмай қолдану қажет. Өйткені бұл да асқазанда жарасы бар адамдарға қауіпті. Қазіргі таңда қалай болғанда да сақтайтын санитарлық нормалар – маска тағу, қолды сабындап жуып, антисептик қолдану, адамдармен көп араласпау, басқа да шараларды толық орындау керек болып тұр. Себебі ауруын өзі білмейтін, симптомы жоқ науқастар айналасындағы адамдарға вирус жұқтыруы да мүмкін. Ал қызу мүлдем түспей, демікпе пайда болса, жағдайыңыз нашарлай берсе жедел жәрдем шақырту керек. Қалған емнің бәрі дәрігердің тағайындауымен жүргізіледі. Бұдан бөлек жүрек, бүйрек ауруы барлар өте абай болып, әсіресе қант диабетіне шалдыққандар қандағы глюкоза мөлшерін бақылауда ұстап отыруы тиіс. Себебі КВИ-дің ең ауыр кезеңдерін осындай науқастар өткереді. Қазіргі таңда ЖРВИ симптомдарының бәріне аса мұқият мән беріп қарау керек, себебі ПТР тест теріс нәтиже көрсеткенмен, ол КВИ-дің жоқ екенін білдірмейді.*

# ЖАС КЕЛСЕ, ІСКЕ...



**– Бастапқыда сіз жас түлектерді жинақтау, яғни кадр маманы ісімен айналысыпсыз. Осы орайда жастар індетпен күреске қалай бөлінді, олардың білім-білігі туралы айтып берсеңіз..**

– Биыл бірінші мамырда осы орталық Қырқыншы стансасы жақтан ашылған кезден бастап қызмет етіп жатырмыз. Біздің бөлімшеде жаңадан келген 3 мейіргер бар, қалғандары – медбикелер. Бұған дейін бір жыл жедел жәрдемде, тағы бір жыл шұғыл қабылдау бөлімінде істегенмін. ЭКСПО көрмесі өткен кезде медициналық волонтер болғанмын. Сондықтан кәсіби тұрғыда және ұйымдастыру жағынан біраз тәжірибем бар. Елордамыздың медицина салаcындағы жоғары және арнайы орта кәсіптік оқу орындарының түлектері індетпен күрес жүргізіп жатқан жаңа емдеу орталықтарына бөлінді. Олардың ішінде әлі оқуын аяқтамағандар да бар. Интерндер деген 6-7 курс студенттері. Олар келесі жылдары дәрігер боп шығады. Мен қызмет ететін орталыққа 35-40 жас маман бөлінді. Олардың ішінде 10 шақты маман – колледжді енді бітірген жас түлектер. Әлі оқуын аяқтамағандар өздерінің сертификаты бойынша жұмыс істейді. Мысалы, интерндер сертификаттары болса медбике болып істей алады. Ал оқуын толық аяқтап, сертификатын алғандар дәрігер болып жұмыс істейді. Сол сертификат бойынша айлық төленеді.

**– Сертификат кімдерге беріледі?**

– Сертификат – практикалық жұмысқа жіберілгендігін растайтын құжат. Ол медициналық колледжді және 5 жыл бакалавриатты бітіргендерге беріледі. Мен мысалы, қазір академияда 2 курсқа өттім. Әлі алда 4 жылым бар. Бірақ мен академияға дейін колледжде оқығанмын. Сол үшін маған сертификат берілді. Әр медицина ұйымында жас мамандарға кеңес беретін аға маман бекітілген. Солардың басшылығымен түрлі процедуралық тапсырмаларды орындаймыз. Дәрі тамызғыш қойып, екпе жасап, науқастардың жағдайын қадағалаймыз.

**Пандемия басталғалы індетпен күреске жұмылдырылған медицина қызметкерлеріне әсіресе, бастапқы және шарықтау кезеңіндегі күрделі ахуал оңайға соқпады. Үш жарым ай ішінде түскен ауыр жүк пен жауапкершілік, қауіпті дертпен күнбе-күн бетпе-бет келу оларды қажытып, шаршатып жібергені рас. Оның үстіне кадр тапшылығы тағы бар. Осыған орай елордада медицина университеті мен колледжінің 200-ден астам түлегі пандемия жағдайында жұмыс істеуге оқытылып, қазіргі уақытта олардың бәрі де қызметке алынды. Сондай жас мамандардың бірі, жаңадан ашылған көпбейінді қалалық инфекциялық орталықта процедуралық мейіргер болып қызметін бастаған Жандос Насымбаевпен шағын сұхбат құрған едік.**

**– Пандемияға байланысты биылғы практика мен соңғы семестрдегі оқыту процесінде біраз өзгерістер болған шығар?**

– Иә, 17 наурыздан бастап бүкіл елімізде, барлық оқу орнында білім беру саласы қашықтан оқуға көшті. Біз бұған бір жағынан дайын болған жоқпыз. Бірақ басымызға түскен жағдайға байланысты қиындықты еңсеру үшін іске дереу кірісіп, мәселені түсініп, шешуге тырыстық. Карантин кезінде оқу орындарында дәрігерлер дайындалған кезде де көбіне қашықтан оқу жүргізілді. Бірінші карантин басталмас бұрын ұстаздарымыз шақырып, осылай волонтер немесе медицина маманы болып жұмыс істеуге болатынын айтты. Әркім өз қалауымен келді. Мысалы, мен ақылы бөлімде оқимын. Бұл бір жағы мен үшін жақсы ұсыныс еді. Барлық түлектер коронавирусты емдеу және диагностикалау бойынша хаттамалармен танысты. Іс жүзінде олар қазір ауруханаларда хаттамаға сай емдеу шараларын көріп жүр. Оқу орындарында пандемияға қарсы жалпы қауіпсіздік профилактикасы, өзіңді және өзгелерді қалай қорғау керектігі туралы оқытылды. Біздің жас түлектер тек елорданың ғана емес, сонымен қатар Ақмола облысы көлеміндегі елді мекендердің кадр тапшылығы бар емдеу орындарына бөлінді. Яғни, ол жаққа көбіне грантта оқыған, келісімшарт бойынша 3 жылдай сол жерде жолдамамен тағылымдамадан өтуі керек түлектер жөнелтілуде. Елордада жылына медициналық академияда 700-ге жуық жалпы профильді дәрігерлер дайындап шығарылады.

**– Жас келсе, іске деген. Қауіпті дертпен күреске жұмылдырылған жастардың бет алысы қалай?**

– Жалпы коронавируспен күресте жас түлектердің үлесі өте зор. Олар көбіне жігерлі, әлі күш-қуаты толық. Оның үстіне қазіргі жастар шетел оқулықтарын көп оқып, сол бағытта жақсы ізденеді. Жас мамандар кез келген іске басқа көзбен қарайды. Біздің бұрынғы дәрігерлердің көбіне кеңес үкіметі шекпенінен шыққандықтан біраз нәрсеге көзқарастары ескілеу. Бірақ олардан тәжірибе жағынан болсын, теориялық тұрғыдан болсын үйренеріміз көп. Бүгінгі талапты да жан-жақты жастар бәріне тез бейімделуде. Жаһандық індетпен күресте олар осы жаңа көзқарас, жаңа білімдерінің көмегімен жанкешті еңбек етіп, ел үмітін ақтайды деп сенемін.

**Дайындаған**
**Райхан РАХМЕТОВА**

# ПНЕВМОНИЯМЕН АУЫРҒАНДАР САНЫ АЗАЙДЫ

**Нұр-Сұлтан қаласының жұқпалы аурулар стационарының басшысы Татьяна Цечоева елордадағы коронавирус инфекциясына шалдыққан науқастардың жағдайы туралы мәлімет берді.**

«Біздің көпбейінді медициналық орталық изоляторында қайтыс болған науқастар мәселесін айтатын болсақ, 4 ай ішінде стационарда 46 науқас көз жұмды. Қайтыс болғандар саны – 1,6%. Маусым, шілде айында көрсеткіш күрт өскені байқалады. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, науқастар 50%-дан 100%-ға дейінгі көлемде өкпе тіндерінің қабынуымен түседі. Демек, медициналық көмек сұрайтындардың дені кешігіп жеткізіледі. Дегенмен, соңғы аптада науқастардың, оның ішінде ауыр халде түсетіндердің саны азайғаны байқалады. Мәселен, қалада амбулаториялық кезеңде медициналық көмекті ұйымдастырудың арқасында пневмониямен ауырып түскен науқастар саны 20 пайызға азайған» деді стационар басшысы.



Дәрігердің пікірінше, науқастар ауру басталғаннан кейін 7-10 күн өткеннен соң барып қана ауруханаға жүгінеді. Қауіпті себептің бірі – науқастың жасы. Бұл жасы 70-тен асқан азаматтар үшін өте қауіпті. Ал 1950-1960 жылы туған науқастар арасында көз жұмғандар саны біршама аз. Тағы бір себеп, науқастардың жасына байланысты қосалқы ауруларының да болуы, жағдайды одан сайын ауырлата түседі. Семіздіктен зардап шегетін, қант диабеті бар, жүрек-қан тамырлары жүйесі ақаулары бар науқастардың (жүректің ишемикалық ауруы, инфаркт болуы) көз жұму ықтималдығы жоғары. Ал жастар арасында бұл өте сирек кездеседі.

Қалада коронавирусқа шалдығу бойынша 7887 жайт тіркелді, олардың жартысынан көбі – 5155 емделіп шықты. Көз жұмғандар саны – 81 адам.



# ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Биыл жаңа оқу жылында елорда мектептерінде 202 мыңдай оқушы оқитын болады. Өткен оқу жылында 182279 оқушы білім алған еді. Ал бүгінге дейінгі дерек бойынша 1-сыныпқа 27 мыңнан аса оқушы қабылданбақ, әзірге 12453 өтініш берілген. Құжаттарды қабылдау электрондық үкімет – egoy.kz порталы арқылы және қағаз түрінде мектептерде жүргізіліп келеді.**

Гүлжан **АБАЙҚЫЗЫ**

Өткен оқу жылының соңғы тоқсаны еліміздегі оқушылар мен педаготар және ата-аналар үшін сын кезеңі болды. Төтенше жағдайға байланысты қашықтан оқыту форматы біраз мәселенің бетін ашты. Сондай-ақ ол елдегі цифрландыру мен интернет жүйесін әлі де жетілдіру керектігін көрсетті. Осы орайда білім беру жүйесі де біраз қиындықты бастан өткерді. Енді биыл жаңа оқу жылы қайтадан қашықтан оқыту форматында жалғаспақ. Нұр-Сұлтан қалалық Білім басқармасының басшысы Шолпан Қадырованың айтуынша, 1 қыркүйекте жаңа оқу жылы барлық елордалық мектептер және колледжерде қашықтан оқыту форматында басталады. Бұл ретте қатаң санитарлық шараларды сақтай отырып, бастауыш сыныптың оқушылары үшін «кезекші сыныптардың» жұмысы жоспарланып жатқандығын да айтты. Оқу бірнеше ауысыммен жүзеге асады. Сыныптар кіші топтарға бөлінеді. Ол топтарда оқушы саны 10-15 тен аспайтын болады. Сабақтар бір кабинетте өткізіліп, үзіліс әртүрлі уақыттарда болады. Сонымен қатар, сабақтардың бір бөлігі қашықтан жүргізіледі. Әрине, барлық санитарлық шаралардың сақталуы – басты міндеттердің бірі.

– Бекітілген санитарлық талаптарды сақтай отырып, кезекші топ жаңа оқу жылында тек бастауыш сыныптар үшін жұмыс жасайтын болады. Өйткені барлық ата-аналарды алаңдатып отырған сұрақтың бірі алдағы қашықтан оқытудың қалай өтетіні екені түсінікті. Ал енді қашықтан оқыту үшін ең алдымен педагогтар мен оқушылардың компьютер және интернетпен қамтамасыз етілуі маңызды. Сондықтан оқушының және мұғалімнің компьютер мен интернетке қажеттілігіне мониторинг жүргізілді. Қажетті құралдар сатып алынатын болады, – деп уәде етті ведомство басшысы.

Осы ретте техниканы қажет ететін аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға міндетті түрде компьютерлер және роутерлер беріледі. Айта кетейік, мұндай қажеттілікке мұқтаж боп отырған қала бойынша аз қамтылған отбасынан 6994 оқушы, 689 жетім бала, 4377 ерекше білім беру қажеттілігі бар бала және аз қамтамасыз етілгендер санатына кірмейтін көпбалалы отбасылардан шыққан 20000 бала бар.

Жаңа оқу жылында оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстары да тыңғылықты жүргізілуде. Оқушылар оқулықтарды 1 қыркүйекке дейін толық алады.

### ПЕДАГОГТАР ИКЕМДЕЛІП ЖАТЫР

24 тамыздан бастап білім беру ұйымдарының 9958 педагогы Назарбаев зияткерлік мектептерінің Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген «Қашықтан оқытуды үйренемін» атты онлайн-курста оқитын болады. Курс 5 модульден тұрады. Яғни 1-модуль – «қашықтан оқыту ерекшеліктері», 2-модуль – «оқуға тарту», 3-модуль – «ақпараттық-техникалық құралдары», 4-модуль – «кәсіби ынтымақтастық», 5-модуль – «ата-аналарды педагогикалық қолдау» 40 академиялық сағаттан тұратын курс тыңдаушыларға өз бетінше оқудың уақыты мен қарқынын таңдауға мүмкіндік береді. Бұл курстар Stepik білім беру платформасында өтеді. Шолпан Маратқызы онлайн-курстың әрбір тақырыбы мұғалімдердің өз бетінше зерделеуі үшін әзекті материалдар мен ресурстарды қамтитынын айта келіп, курсқа қатысушылар қашықтан оқытудың ерекшеліктері мен түрлерін зерттеуді, онлайн сабақтардың оқу үдерісін жоспарлауды және оқу жетістіктерін бағалауды ұйымдастыруды үйренеді деді. Сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласының білім беруді жаңғырту орталығы тамыз айының 1-інші және 2-аптасында «Цифрлық педагогика: оқыту және тәжірибе» тақырыбында онлайн-оқыту өткізуді жоспарлап отыр. Оған 12480 педагог қатысады. Оның ішінде 2562 мектепке дейінгі білім беру педагогтары, жалпы білім беру мектептерінен 9036 мұғалім, ТжКБ-дан 882 мұғалім бар. Қалалық Білім басқармасының басшысы брифинг барысында тағы бір жаңалыққа назар аударды:

– Майкрософт компаниясының бірінші және жалғыз авторизацияланған серіктесі Knowledge Engineering компаниясымен бірге білім беру ұйымдарының 5987 (47 пайыз) педагогтарына платформа мүмкіндіктерін тиімді пайдалану бойынша вебинарлар өтеді. Вебинар «Білім беруге арналған интерактивті құралдар. Мұғалім білуі тиіс технологиялар» деген бағдарламалық модуль бойынша өткізілмек.

Педагогтар 4-тоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін Academia.kz педагогикалық шеберліктің виртуалды зертханасында білімдерін жетілдіруде. Виртуалды зертханада педагогика, психология, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және т. б. мәселелер бойынша ең өзекті онлайн-курстар топтамасы ұсынылған. Сондай-ақ үздік педагогтардың тәжірибесін жинақтау арқылы жаңа әдістемесі бар педагог-зерттеушілер мен педагог-шеберлер зертханасын құру да жоспарланып отыр.

Білім жүйесінде пандемияға дейін іске асу керек жүйелерге өзгеріс енгені рас. Бүгінде білім беруді жаңғырту орталығы «Астаналық электрондық мектеп» электрондық платформасын әзірлеуде, онда қысқамерзімді сабақ жоспарлары, бейнесабақтар, білім беру цифрлық ресурстары және т. б. орналастырылады. Ал бұған дейін, яғни маусым айынан бастап yardstream арқылы жүзеге асырылатын үнемі ашық «Педагогикалық тәжірибе алаңы» жұмыс істеп келеді. Мұнда елордалық мұғалімдердің тәжірибесін көруге болады.

### ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ

Елордада 12 мемлекеттік, 10 жекеменшік колледж бар. Бұл колледжерде алдағы оқу жылында 8000 студент және 13 мамандық бойынша ерекше білім алу қажеттілігі бар 139 білім алушы қабылданбақ. Жаңа оқу жылын колледждер де қашықтан оқу форматында бастайды. Дәстүрлі формат санитарлық нормаларды сақтай отырып, бірінші және бітіру курстарының білім алушылары үшін өндірістік оқытуды, кәсіптік практиканы ұйымдастыру кезінде жеке кесте бойынша жүзеге асады. Колледждерге құжаттарды қабылдау 20 маусымнан басталды. Енді 25 тамызға дейін (жұмысшы кадрлар үшін 27 тамызға дейін) «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ колледждің қабылдау комиссиясы қағаз түрінде өтініштерді де қабылдайды. Бүгінде 3589 құжат қабылданған. Басқарма басшысы өз сөзінде колледждерде кадрларды даярлау 77 мамандық және 122 біліктілік бойынша жүзеге асырылатынын айта келе, 2020-2021 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысы 4652 орынға 22 орналастырылған, оның ішінде жергілікті бюджет есебінен 3602 орын, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 1050 орын деді.



### МҰҒАЛІМДЕР ЖЕТІСПЕЙДІ

Білім беру ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз ету бойынша Жол картасы жасалып, бекітілді. Оның аясында республиканың ЖОО-мен және ТжКБ-мен жұмыс жүргізіледі.

Елордаға педагогтарды тарту үшін университет түлектерімен онлайн-кездесулер жүргізу жұмыстары жалғасуда. Елордалық мектептердің басшылары, балабақша меңгерушілері Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті өткізген онлайн еңбек жәрмеңкелеріне қатысты. Ал бұл оқу орындары enbek.kz порталында үміткерлерді (соның ішінде аймақтардағы жұмыс істейтін мұғалімдерді) қарастыруда, бүгінгі таңда 300-ге жуық түйіндеме қарастырылуда.

Жыл сайын білім беру саласындағы мамандар ЖОО көптеп аяқтаса да, педагогтық құрамға деген қажеттілік бар. Әсіресе орыс тілінде оқытатын бастауыш сынып мұғалімдері, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері жетіліксіз екендігін айтып өтті.

– Қазіргі уақытта бос жұмыс орындарының HRPortal кадрлық порталы бар, онда білім беру ұйымдарында жұмыс істеуге ынталы кез келген адам бос жұмыс орындарына тіркеліп, өтініш бере алады. Бүгінгі таңда 100 түлек түйіндемелерін елордалық мектептерге жұмысқа тапсырды, осы бағыттағы жұмыс жалғасуда, нәтижелері бойынша 1000-ға дейін жас маман тарту жоспарлануда, – деді Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының басшысы Шолпан Қадырова.

Осы орайда әлеуметтік қолдау ретінде өткен жылы 242 педагогикалық қызметкерге «7-20-25» мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасына қатысу үшін атаулы құны 1 миллион теңге болатын тұрғын үй сертификаттары түрінде әлеуметтік көмек берілді. Бағдарламаға қатысушылар жаңа салынған және қайталама тұрғын үй нарығынан пәтер таңдауға мүмкіндік алды. 2019 жылы 350 жас педагог үшін жайлы жатақхана ашылған болатын. Мұндай әлеуметтік қолдаулар биыл да жалғасатын болады.

### ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА – ЖАҢА МЕКТЕП

Елорда тұрғындарының жыл сайын өсуі оқушылардың да көбеюіне әсер етуде. Астанада мектеп құрылысына деген сұраныс жоғары. Өкінішке қарай, қала мектептерінің жүктемесі мөлшерден тыс, оған үш ауысымда оқитатын мектептердің жұмысы дәлел. Осындай қиындықтардың түйіні біртіндеп шешілуде. Биыл 10100 оқушыға арналған 14 нысанды іске қосу жоспарлануда, оның ішінде 7000 орынға арналған 8 мектеп, 3100 орынға арналған жұмыс істеп тұрған мектептерге жалғап салынған 6 нысан бар. Алдағы уақытта мектептердің жүктемесін азайтып, білім беру жүйесінің бір ізге түсуіне бұл да үлкен мүмкіндік болары сөзсіз.

# АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ – ӨМІР СҮРУ ҚАҒИДАСЫ

**Абай «қара сөздері» қырық бес сөзден тұрады екен... Неге аз? Жоғалғаны жоқ па екен?.. Неге қырық бес? Одан көп болуы мүмкін бе еді? Бұл сұрағымызға айтарлықтай дәлелді жауап таппадық. Бірақ олар туралы ойлар бар.**

Солардың бірі Абайдың қара сөздері қырық бестен көп те болуы мүмкін еді дейді. Абайдың ойлау дәрежесі осы сөздерде қамтылғандардан да басқа көптеген мәселелер жөнінде ой толғап, өз қорытындыларын қорытып шығаруға жететін еді. Бірақ не өзі қаламады, не ғұмыр қысқалығы мүмкіндік бермеді дейді.

Екінші бір ой – «Абайдан айтылмаған сөз қалмады» дейтін кейбір зерттеушілер ойын қуаттамақ болады. Олар адам (қазақ) баласының өміріне керекті ақыл мен ойды Абай сөздері мен өлеңдері түгендеп кеткен дейді. Бұл ойға да көңіл тоқтатуға болатын секілді. Өмірде кездесіп жататын кез келген құбылысқа, оқиғаға Абай сөзімен мысал келтіріп, Абай өлеңімен қостауға болатынына көзіміз жетіп келеді.

Осындай бір-біріне қарама-қарсы ой тұлпарларына мініп алып, біз де біраз саяхат жасап қайтсақ па дейміз…

Саяхат болғанда да Абай әлеміне, Абай ойларына, Абай өлеңдеріне саяхат…

Біз өзімізше, алдымен, Абай сөздеріне берілген сандық белгілер орнына мағыналық теңеу таңып байқамақ болдық. Содан барып төмендегідей тізім жасақтадық:

Бірінші сөз – адам міндетін анықтау;
Екінші сөз – еңбекке баулу;
Үшінші сөз – билік сыры;
Төртінші сөз – мастық пен күлкі;
Бесінші сөз – қалыптасу;
Алтыншы сөз – түсінік;
Жетінші сөз – талпыныс;
Сегізінші сөз – насихат;
Тоғызыншы сөз – ұлтжандылық;
Оныншы сөз – ұрпақ;
Он бірінші сөз – кәсіп;
Он екінші сөз – ғибадат;
Он үшінші сөз – иман;
Он төртінші сөз – жүрек;
Он бесінші сөз – ақыл;
Он алтыншы сөз – еліктеу;
Он жетінші сөз – бірлік;
Он сегізінші сөз – кербездік;
Он тоғызыншы сөз – естілік;
Жиырмасыншы сөз – жалығу;
Жиырма бірінші сөз – мақтан;
Жиырма екінші сөз – қадір тұту;
Жиырма үшінші сөз – қуаныш пен жұбаныш;
Жиырма төртінші сөз – күншілдік;
Жиырма бесінші сөз – құлшылық;
Жиырма алтыншы сөз – надандық;
Жиырма жетінші сөз – өсиет;
Жиырма сегізінші сөз – парыз;
Жиырма тоғызыншы сөз – сақтық;
Отызыншы сөз – ұят;
Отыз бірінші сөз – ойлылық;
Отыз екінші сөз – талап;
Отыз үшінші сөз – өнер;
Отыз төртінші сөз – бұ дүние;
Отыз бесінші сөз – о дүние;
Отыз алтыншы сөз – ұят пен иман;
Отыз жетінші сөз – уағыз;
Отыз сегізінші сөз – жаратылыс;
Отыз тоғызыншы сөз – намыс;
Қырықыншы сөз – мінез;
Қырық бірінші сөз – тәрбие;
Қырық екінші сөз – тіршілік қамы;
Қырық үшінші сөз – тән мен жан;
Қырық төртінші сөз – тазалық;
Қырық бесінші сөз – адам болмысы.

Біз осыдан кейін әр қара сөз мағынасына сәйкес деп таңдаған атаулар тізімін талдап қарадық. Бұдан байқағанымыз тек қана ұят (отызыншы, отыз алтыншы) және иман (он үшінші, отыз алтыншы) атаулары, солар туралы айтылар ой екі рет қайталанатынын байқадық. Басқа ешқандай ой да, сөз де қайталанбайды. Осыған қарап, біз Абайдың осы еңбегін жазуға кірісер алдында адам баласының тәрбиесіне, тіршілігіне қажетті деген насихат сөздерінің тақырыбын іріктеп, тізіп алып барып, сосын іске кіріскен бе деп ойлаймыз.

Абай ойларына, Абай әлеміне саяхат жасамақ болғандардың бір мойындауға тиісті ақиқаты болуға тиісті. Ол – Абайды түсінудің сан сатылы болатыны. Өйткені осындай саяхатқа шыққандар білімі мен зердесінің, табиғи болмысы мен тәрбиесінің жобасына байланысты тек қана өз дәрежесіне дейін көтеріле алмақ. Мысалға менің ойшылдығым мен білімпаздығым орташа ғана дәрежеде болса, онда менің тұжырымдарым атақты білгірлер сатысынан әлдеқайда төмен тұруы кәдік. Олардың мені жазғыруы да мүмкін. Бірақ мен оған мойымақ емеспін. Өйткені Абаймен сырласуға, Абай әлеміне саяхат жасауға әркімнің де қақысы бар. Абайдың өзі «болмасаң да ұқсап бақ» деген.

Сонымен Абайдың қара сөздері маған не дейді?

Жаратылысты, тіршілік ережелері туралы өмір қағидаларын қабылдау арқылы өзімнің білімім мен ақылымның жобасы Абай сөздерінен не ұға алды?

Біз, ең алдымен, Абай өз сөздерін қалай бастап, қалай аяқтады екен деген сұраққа жауап беруге тырыстық та, бірінші сөз бен соңғы сөз мағыналарына ой жүгіртпек болдық.

Абай бірінші сөзімен өзінің саналы тіршілік алға тартар көп нәрселер туралы ойланатын жан екенін танытады. Болашақ оқушыларымен әңгіме-дүкен құра отырып, өз ойларын, болашақ айтылмақ сөздерін, көздеген мақсатын соншалықты түсінікті, талас тудырмайтындай етіп, түсіндіріп береді.

Бірінші сөз, сөз жоқ, алғашқы сөз болуға лайық сөз деген қорытындыға келдік. Оның алдына салған кез келген сөз өз орнында тұрмаған болар еді.

Ал соңғы сөз – ол дәл соңғы сөз. Егер Абай тағы бір сөз қосқысы келсе, онда ол сөз соңғы болып тұра алмас еді, ортаға түсер еді.

Абай сөздерінің қорытындысы секілді қырық бесінші сөзінде шексіздікті, шексіз әлемді жаратушының бар екендігі айтылады. Бар әлем бір заңға бағынып, бір құдірет бұйрығын бұлжытпай орындап жатады. Абай тірілер жаратқанның адам пенделеріне, жан-жануарына берген сезімдері арқылы



тіршілік заңдылықтарын мойындайды, өз тірліктерін жалғастыруға құштар болады дейді. Абай өз еркімен ешкім еш нәрсе жасай алмайтынын, тек қана Жаратқанның жаратқандарын жаратқан сыйлаған сезімдер арқылы сезе алатындығын әңгіме еткен. Егер ондай сезім аз болса, онда кісінің кісілігінің де жобасы төмендей бермек. Қырық бесінші сөз – соңғы сөз!..

### БІРІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Бірінші сөзден...

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік.

Абай: өлшемі – шексіздік; мезгілі – мәңгілік; болмысы – ұлылық атты жаратылыс құдіреттеріне толық бағына, құрметтей сезіне бағалаған болса керек. Ол адам пендесіне тиісті «қамшы сабындай» қысқа ғұмырдан өзіне тиісті еншісін мол алмаққа тырысқан секілді...

Өзі тырыспаса сүрген ортасы мен өмір тартысы мәжбүрлеген.

Абай тек қана өмір сүрмеген, өмір туралы ойланған да.

Жауы да болған... Дауы да болған...

Жауы болғасын алысқан, жұлысқан. Күш көрсетіп жеңбекке тырысқан...

Дауы болғасын айтысқан, тартысқан. Айтысқасын ақыл салыстырады... Сөзбен тартысып сөзден сөз, ойдан ой асырмаққа тырысады...

Сүйе де білген, күйе де білген...

Ойлана да білген, толғана да білген...

Жоғарыда, өз шамамызша, Ұлы табиғатты оқушылар қиялына, ойына, көзіне елестетпек болып: өлшемі шексіздік, мезгілі мәңгілік, болмысы ұлылық деп атаған едік.

Абайдың шексіздік пен мәңгілікке қарсы қояры немесе өз үлесіне тигені – бар болғаны алпысқа жетпей үзілген қысқа ғұмыры.

Дегенмен Абай ойы, Абай мұралары әлгі шексіздік, мәңгілік, ұлылық атты өлшемдерді өз бойына өлшеп қарап, адамдардың «өледі, өшеді» деген өлшемдеріне талас тудырып тұр.

Алпыс жылдық ғұмырымен Абайдың ойы мен сөзі, өнері мен ақылы мәңгілік пен шексіздік атты жұтпаның өңешіне сиғысы келмей, амалсыз жұртшылық назарын өзіне аударуда.

Абай – әлем туралы білікке де, адам туралы танымға да өз көзқарасы болғанын, өз пайымын қалыптастырғанын дәлелдеген адам.

Абайдың бірінші сөзінен алынған келесі үзіндіні оқып қаралық...

...Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын...

Абай осы сөздерімен әлем жаратылысына қайрат көрсетпек болғандардың таласы мен тартысының нәтижесін анықтап береді. Уақыт кім-кімді де мансабына, байлығына, көкірегіне қарамай, ақыры, қажытады, жалықтырады. Ақылы жеткендердің әлгі талас пен тартыс істерінің түбінде қоршылық екендігін, адам пендесінің жаратылыстағы орны бір-бірінің жағасын жырту емес екендігін түсіндіреді.

Абай өмір сатыларын осылайша өткізіп алып, Жаратылыс ақиқатын іздейді.

...Ақыры, ойладым: Осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры, осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ...

Абай бірінші сөзін: «... дедім де, ақыры, осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» деп, осылайша аяқтайды.

Әрине, әлем тыңдарлық асыл сөздер иесі Абайдың өмірден мүлдем алшақтап кетуі мүмкін емес. Абайдың еш нәрсеге енжар қарай алмайтыны, заманға да, адамға да немқұрайлы бола алмайтыны түсінікті. Бірақ Абай өзінің осы қара сөздерін ерекше таққа отырғызып кету үшін солай деп те отырған болар.

«...енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» дегенде, болашақ айтылмақ ойларынан күтері көп екендігін, барлық шаруасы мен шығармашылық еңбегінен болашақ жазылмақ ойларын ілгері орынға шығаратынын байқатқаны секілді...

Ой ойлау...

Ойды қағазға түсіру...

Ойым біреудің пайдасына асса деп дәмету...

Әрине, бұл қылықтар Абайдың ұстаз екендігіне дәлел. Ұстаз болғанда да әлемдік дәрежедегі ұстаз.

Бірінші сөз: жеке жаратылыстың (ұлыларды ойлап отырмыз) ой ісінің нәтижесі жай адам пенделерінің қолмен тындырар істерінен қажеттірек екенін, ондай адамдардың табиғат сыйлаған ерекше дарынын жалпы адамзат үшін пайдаға асыру жолындағы еңбегінің құндырақ екенін дәлелдеп шыққан.

Абай өзінің ұлылығын байқаған болса керек. Содан барып ол кез келген пенде тындырып жатқан болымсыз нәрселермен, тіршілік тауқыметімен айналысудан бас тартқан болар, содан барып жалпы адамзат мүддесін қанағаттандырарлық ойларға берілген болар деген сенімге жетелейді...

## ЕКІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Бұ сөзінде Абай «қайран жұрты қазағына» қайран қалады. Жанындай жақсы көретін халқын басқалармен салыстырып қарап, өзгелердің өз жұртынан озық жерлерін мысал етеді. Қайран жұрты қазағының кей қылықтарын ызалана бетке баса отырып, өз жүрегін жарақаттай отырып жалпы жұртшылық санасына жеткізеді...

...Сонда мен ойлаушы едім: ей, Құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп...

...Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ...

...Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды...

...Орысқа айтар сөз жоқ...

...Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?..

Абай – өз елінің төл тумасы. Ол өз елін де, өз жерін де мақтаныш тұтқан адам. Бұл ойға сенбейтіндерімізге айтарымыз олар Абайдың «Жазғытұры» атты өлеңінің әр сөзін, әр тынысын көкірек көзімен оқып қарасыншы. Бұл өлең Абайдың өзіне де ұнаған өлең екен. Қыз-келіншектердің сыңқылдағаны, құлын-тайдың бұлтылдағаны... даласы... өзен үні... даласын сүймеген, далалықтар қылығына сүйсінбеген жан сондай өлеңді жаза алар ма еді...

Абай – өз елін ерекше сүйіспеншілікпен жақсы көре алған кісі. Сондықтан да өз жұртының кемшіліктерін ұқыптылықпен іздестіріп, тізіп, жазып, айтып жүруді, жұрт аузына салып жарыққа шығаруды өз міндетім деп есептеген.

Абай өзіне соншалықты міндетті қалай жүктей алған?

Біздің пайымдауымызша, Абай – өзінің данышпандық болмысын түсіне алған тұлға. Сондықтан да «қайран жұрты қазағының» жағымсыз қылықтарын аяусыз әшкере еткен кезде замандастарына жағымсыз кейіпте көрінуге қорықпаған, қазақ атына жағымсыз сөз айтуға арланбаған кемеңгер, сүйікті жұртының кейбір адамдарына жағымсыз көрінуге шыдап, мыңмен жалғыз күреске шыққан қазақтың таусоғар алыбы. Абайдың бұл қылығына өз замандастары түгілі, екі жүз жылға жуық уақыт өткенде, бүгінгі ұрпақтарының ішінде де риза еместері толып жатыр.

Енді бұл сөз туралы екінші ой...

Екінші сөздегі «біздің қазақ» деген сөз орнына Абайды оқып отырған кез келген елдің ойшыл адамы өз жұртын ойлай отырып оқитыны сөзсіз.

Мысалы бір ағылшын жазушысы Абайды оқып отыр екен делік. Ол міндетті түрде жаман мінезді, жаман қылықты қазақты емес, жаман қылықты өз жұртын көз алдына елестетеді деп ойлаймыз... Адамдар бойындағы, өзі танитын ағылшын бойындағы әбес қылықтарды Абайдан оқыған ағылшын ойшылы Абайға риза болар еді. Қалай тауып айтқан, бұ кісілер бізде де толып жатыр емес пе дер еді.

Егер орыс ойшылы оқып отырған болса ойына бірден Гончаровтың Обломовы секілді өз қандастарын есіне түсірер еді деп ойлаймыз.

Екінші сөзде Абай өз қандастарының даңғой мінездерін, оғаш қылықтарын мысалға ала отырып, бұл сөзді адам пенделеріне жаны ашитындардың бәріне арнаған секілді.

Жанындай жақсы көрген «қайран жұртын, қазағын» Абай қандай қасиеттерімен көргісі келді?

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл кердең наданның.
Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды –
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз,
Болмаған соң, айтпа сөз.

Міне көрдіңіз бе, Абай сөзін кімге арнап отыр. Абай сөзін «бойда қайрат, ойда көзі» бар, асыл қасиетті адамдарға арнайды. Олары болмаса оларға сөз айтпа деп отыр емес пе?

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын.

Сол ой үстінде, халқына не жетпей жатқанын аңғартып, ойлыларының намысын қамшылау үшін жазылған ойлар деп есептейміз. Кейбір арзан ойлы айтқыштарымыз Абай қазақ халқын әлемге жаман етіп көрсетті деп, шамданғысы келеді. Біздің айтарымыз Абай қара сөзінде жазған асыл ойларын әлгіндей адамдарға арнамаған.

Абай сөздері тек қана ой түсінетін, ой толғай алатын жандарға арналады.

Бұл сөзді жазғанда Абай:

«Есер-есірік болмасаң,
Тіршіліктен пайда жоқ» деген сөзін арнаған адамдарды, рухани тірлікте шаруасы жоқ, мақсаты «ас ішіп, аяқ босату» қызметімен шектелетіндерді есепке алмаған…

Содан да болар, Абай менің сөздерім біреуге ұнамай қалады-ау, түсініксіз болады-ау деген ойлардан аулақ болған…

Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ.
Ағайын бек көп,
Айтамын ептеп,
Сөзімді ұғар елім жоқ.
Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым – тап шыным!

Абайдың атадан алпыс туса да, анадан қырық туса да жалғыз қалуы – заңды құбылыс. Абай ойлы. Ол ағайын іздеп отырған жоқ. Ол ойын түсінер адам іздеп отыр. Сондықтан да оны жалғыздық шошытады.

«Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ...» деп, адам пенделерінің күнделікті күйкі тіршілігін суреттей алады.

Абай өз жұртын қандай қасиеттерімен көргісі келеді? Бұл сұраққа жауап беру оңай деп ойлаймыз.

Абай өз жұртының бойынан өзі санап шыққан қасиетсіз қылықтардан арылтқысы келді. Ол барлық сөзінде адал еңбек пен мал табуды, әлемдегі озық жұрттар жетістігінен үлгі алуды үгіттеуден жалықпады.

## ҮШІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

...Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не?..

Абай осылай депті. Бұл сөздерді оқыған қазақ қандай күйде болмақ?

Қарындасқа қаны тартар кісінің намысы оянар, көңілін босатар, арлана көзге жас алдырар сөздер емес пе?

Абай солай дейді екен, қазақ не дейді? Қазақ не десін! Абай дұрыс айтады дейді. Абайдың солай дерін олар одан бұрын сезіп қойыпты.

Қазақ: «Дос жылатып айтады...» депті. Абай жылатып айтыпты. Халқының досы екенін дәлелдей түсіпті...

...«Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», «Әз Тәуке ханның Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда, «Жеті Жарғысын» білмек керек» деп, қазақ мемлекеттерінің жақсы заңдарының болғанын, үлгі аларлық азаматтарының өткенін ескертеді.

Бірақ сол жақсылар сөзінен, сол тәуір замандар заңынан бұ заман құлқына сәйкес келмей жатары болса, одан да сақтандырады.

«...ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып...» түзету енгізу қажеттігін айтады.

Қазақпын дейтіндерді сонша тұқырта, жерге кіргізе даттарлық әлгі сөздер шыққан ауыздан, сол пәлелерден құтылу жолын, бағдарламасын да Абай өзі жасап беріп кетіпті.

Ұлы Абайдың қазақ жұртына ел болу, қазақтарға адам болу бағдарламасы (программасы) бір кітап та емес, бір тарау да емес, тіпті бір парақ бет те емес.

Бұл бағдарлама бар болғаны бір ауыз сөзге сыйдырылған.

Абайдың данышпандық куәлігі де, академиктік дипломы да – осы бір ауыз сөз.

Біріңді, қазақ, бірің дос,
Көрмесең, істің бәрі бос...

Абайдың бүкіл адамзат ұрпақтарына да айтары – сол. Абай тек қана қазақты дос көр демейді. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп ақыл айтады.

Жаңа заманда жаңа қазақтар болу қажеттігін алдын ала болжайды.

Абай үшінші сөзіндегі әлгі қатал сөздерді жазғанда, Шыңғыс бөктеріндегі қолдан қолға ауып жататын жақсы жайлау мен қысқы қоныстармен қоса Троекуров пен Дубровский арасындағы дауды да ойға алып отырмады дейсің бе?..

Елін, халқын бар жанымен сүйе алған кісінің сөзі ғана осындай болатын болар... Абай да, Пушкин де өз елінің даңғойларын өлтіре сынаған. Тек қана бір айырмашылығы Пушкин жағымсыз кейіпкерлерін жеке кісілердің атағымен атаса, Абай кісі орнына жағымсыз қылықтарды тұтас ұлт еншісіне берген. Үлкен философтарға Абайдың бұл әрекетін зерттей түсуге боларлық әдіс деп ойлаймыз. Әрине, Абай бұл әдістің жанға ерекше батарын, қанды қыздыра түсерін сезінген.

Абай жалпы адам пенделерінің, әр түрлі ұлттардың барлығына да сәйкес кемшіліктерді тізіп отыр!.. Абайдың қазаққа телігген кеміс қасиеттерін әлем жазушылары өз ұлттарының бойынан тауып, әлдеқашан жазып тастаған. Мысалы, орыс деген сөз айтылмағанмен, бір мұжықтың екі генералды асырағандығы туралы әңгімеде генералдар болмысы қай ұлтқа да абырой әперер тұлға емес...

Абай сөздері тек қана қазақ баласына арналмаған, ол жалпы адам баласы ұрпақтары үшін жазылған деген ойды бұрын да айтқанбыз. Сол ойды осы саяхатымызда тағы да әлденеше рет қайталайтын болармыз.

Ұлы Абай ұлылығы жалпы адам үшін өте ауыр сөздермен адам пенделерінің бәрін ренжіткенше, тек қана өз жұртын өкпелетпек болған да болуы мүкін ғой...

Абай осы сөзден кейінгі келесі сөзінде (төртінші) «адам» деп бастап жалпы адам баласы туралы толғанысқа кетеді.

## ТӨРТІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Төртінші сөздің арқалап тұрған жүгі өте ауыр. Бұл сөзде адам психологиясы мен ішкі дүниесі туралы, қайғы мен күлкі туралы ой қорытылады.

Әрбір байқаған адам білсе керек: Күлкі өзі бір мастық екенін...

...күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғафил (бейқам, салақ, алаңғасар) көп өткізіп отырса керек.

Абай, әрине шаттық күлкінің болатынын жоққа шығармайды, күлкінің қажеттігін түсінеді. Сондықтан да «үнемі күлмей жүруге жан шыдай ма екен?» дейді.

Абай «күлкіге салынған кісі» дегенде нені айтып отыр? Абайдың осы зерделеу еңбегіндегі басты сөз осы болса керек.

Абайды алаңдатып отырған жалпы жай күлкі емес.

Абайға арнайы сөз арнатып, ой ойлатып отырғандар: арзан күлкіні өмір мағынасы етіп алушылар; жалған қызықты өмір мұраты етіп тірлік етушілер; күлкісіне арамза ойды нәр етушілер...

Абайды алаңдататын – сондай «антұрған күлкі». Сондай күлкінің адамды, адамшылықты аздырар күлкі екені Абайға анық.

Орынсыз күлкінің бір сыңары – шарасыздық. Істің ыңғайын таба алмай уайым мен қайғыны жолдас ететіндерді де Абай «антұрғандар» деп қатты сөгеді.

Біреудің кемшілігіне күлетіндер де сол топта...

...Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірін аңдып, біріне бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды.

Көпшілік осыны аңғармай өмірден өтеді де кетеді.

Төртінші сөз – ырқылдап өтірік күлетіндерді, сол өтірік күлкі арқасында басқалар көзіне көңілді, көпшіл, қылықты кісі боп көрінуге тырысатындарды да сақтандыруға тиіс. Өйткені кез келген саналы жан күлкі болмысын түсініп тұрады. Өтірік күліп тұрсың ғой деп айтуға тәрбиесі жібермейді.

Абай біреудің жетістігіне қуана күлуді, рахат табуды уағыздайды.

Төртінші сөз өтірік күліп өзгеден дәметпе, еңбек ет, еңбек өз иесін жерге қаратпайды деп уағыз етеді.

## БЕСІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Абай бесінші сөзінде әрекетсіздік пен талапсыздықты мойындатар, қулық пен айлаға алдандырар біраз қазақ мақалдарын іріктеп алып, сол сөздердің ел тәрбиесіне қаншалықты теріс әсерін тигізіп тұрғаны туралы ойлану қажеттігін дәлелдейді. Сол мақалдардағы айтылғандарды пайдасына асырмақ болып пайдаланатын кісілер туралы ашына толғайды. Осы мақалдарды сынау арқылы еңбек етуді (мал табуды) уағыздайды.

Абай қазақтың біраз мақалдарын тізіп келтіреді де, сол мақалдардағы сұрампаздық, қайыршылық сарындарын табады. Сол мақалдарды келтіре отырып, Абай өз өкінішін білдіреді. Абай өкініші осы мақалдарда қазақ «...тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін...» неге қам жемейді, қазақ мақалдары солардың іздеу жолында неге туындамайдыға соғады.

«Бұлардың жас баладан ақылының несі артық? Бірақ жас бала қызыл ошақтан қорқушы еді, бұлар тозақтан да қорықпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен. Сол ма артылғаны? Қолымыздағыны үлестіріп талатпасақ, біз де өзіндей болмасақ, безеді екен. Іздеген еліміз сол ма?» дейді.

Абай бұл сөзінде адамдар қылығын зерделеу арқылы жаратылыс пен Жаратушы туралы пікірін аңғартқан. Абайдың Жаратушы Алла туралы, о дүниенің бары туралы ойлану қажеттігін, адамның әр іс-әрекеті, ойы мен сөзі бүгінгі күнгі ұят пен ертеңгі күнгі тозақ деген түсінікті есте ұстау керектігін түсіндіре алған.

## АЛТЫНШЫ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Абай – қандастарының, бауырларының, жалпы айтқанда, елінің адамгершілік қасиеттері мен ұяты мол болғанын арман еткен адам.

Абай бұл сөзінде «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» атты қазақ мақалының көлеңкелі жағына қатты шүйіледі. Абай түсінігінде бәрін ортаға салу бірлік емес.

...Ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ... Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал?

«Ырыс алды – тірлік» дейді, ол қай тірлік?..

Сөз түсінетін адамға «Жан итте де бар» деген қандай ауыр сөз!

Тек қана тірлікті қымбат санаудың адамның адамдық қасиеттерінен бездірер нәрсе екенін, адамдық принциптерден алшақтатар нәрсе екенін ескертеді.

...Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады.

Бұ заманда адамның әр іс-әрекетіне «ұят» деген кісілік көрсеткіші араласып, өз дауысын толық пайдаға асырушы, о заманда «тозақ» деген азап барын мойындап одан қорқа өмір сүруші Абай іздеген «толық адам» қасиеттерін бойына сіңірген адам болса керек.

Абайдың бұл сөзде марксизм мен коммунизм негіздерін жоққа шығара отырып, сана жоғары болу қажеттігін ескертеді.

Бұл сөзде адамдардың рухани бірлікке шақырар ортақ азығы болу қажеттілігі анықталады. Көкірегі тірі, көңілі ояу боп өмір сүруді уағыздайды.

Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,

Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып... деген сөзді Абай тектен-тек ойдан шығарған жоқ. Ондай адамдар бұ заманда да жетерлік.

...Кеселді, жалқау, қылжақбас,
Әзір тамақ, әзір ас,
Сыртың – пысық, ішің – нас,
Артын ойлап ұялмас, –
болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық...

Абайдың жағымсыз кейіпкерлері осындай тұрпатты адамдар. Қандай қорқынышты кісілер. Олар тек қана өзінің емес, басқалар өмірін ластауға да ұялмайтын адамдар.

Ең қорқыныштысы – солар қолына тиген билік. Әлгі қасиеттерімен ел басына жіберілетін «құрметті қайраткерлер», ішінің настығын байқатпай, пысықсынып ел сөзін сөйлегенсіп, алып қал, жұлып қал принципімен өз ісінің артын ойлап жатпай, адам мен табиғат сұранысы деген негізгі тірлік қағидаларынан аулақ өмір сүреді.

Әйтпесе тірімін деме, одан да өлімнің өзі артық деп, әлгіндей тірілерге өте ауыр салмақ артады.

Абай: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Надандық... Еріншектік... Залымдық» дейді.

Абай білім-ғылымның жоқтығы адамдарды надан етеді, қор етеді дей келіп, оны хайуандыққа теңейді.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Залымдық – адам баласының дұшпаны.

**Сайын НАЗАРБЕКҰЛЫ,**
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

***(Жалғасы бар)***

№85 (4054) 21 шілде 2020 жыл | ASTANA AQSHAMY | www.astana-akshamy.kz
@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo



# ҚАРАБАҚТАҒЫ ҚАҚТЫҒЫС ҚАНТӨГІСКЕ ҰЛАСА МА?

**Әзербайжан мен Армения арасындағы шиеленіс 12 шілде күні қайта ушығып, Әзербайжанның Товуз ауданы мен Арменияның Тавуш облысы шекарасатын жерде қарулы қақтығыс болды. Қақтығыста Бакудің 11 әскері мерт болды. Олардың арасында генерал-майор Полад Хашимов та бар. Ал Арменияның төрт сарбазы бақилық болып, он шақты жауынгері жараланғанын мәлімдеді. 3 күнге созылған қақтығыстан кейін екі жақ соғысты уақытша тоқтатқанмен, атыс 16 шілдеде қайта жалғасты.**

Екі ел арасында қақтығыс басталғаннан кейін, Әзербайжан Қорғаныс министрлігінің баспасөз хатшысы Вагиф Даргяхлы Арменияның атом электр стансасын зымыранмен атқылаймыз деп сес көрсетіп, «Армения бізде жаңа зымырандар бар екенін ұмытпасын, егер Мецамор атом электр стансасын атқыласақ, Армения үшін үлкен апат болады» деді ол. Қазір екі ел де қақтығыс туындауына бірін-бірі кінәлі санап отыр. Бірақ мәселенің түп-төркіні Қарабақ мәселесімен қатысты екені бесенеден белгілі.

### ҚАРАБАҚ МӘСЕЛЕСІ – ЖАЗЫЛМАЙТЫН ЖАРА

Қарабақ жанжалы 1988-89 жылдары Армения мен Әзербайжан арасында болған қақтығыстан бастау алады. Кеңес өкіметі кезінде Таулы Қарабақ облысы автономиялық құрылым ретінде Әзербайжанның құрамында болды. Бірақ ондағы халықтың басым көпшілігі армяндар еді. 1985 жылы басталған қайта құру кезеңінен кейін облыстағы армяндар «Қарабақ 1923 жылдан бұрын Арменияның территориясы болған» дегенді желеу етіп, Әзербайжаннан бөлініп, Арменияға қосылуды талап ете бастады. Сөйтіп 1988 жылы көктемде жергілікті армяндар мен әзербайжандар арасында жанжал туды. Орыстардың көмегіне арқа сүйеген жергілікті армяндар сан жағынан көптігін пайдаланып, әзербайжандарды қыспаққа алды. 1990 жылы 19 қаңтарда кеңес өкіметі жергілікті билік органдарының келісімінсіз Бакуге әскер кіргізді. Бұл Қарабақ жанжалын тіпті өршітіп жіберді. Бірақ көп өтпей кеңес өкіметі тарады да, тәуелсіздік алған армяндар мен әзербайжандар арасындағы жанжал ашық соғысқа ұласып, 1994 жылы халықаралық қауымдастықтың ара ағайын болуының арқасында әупіріммен әзер тоқтады. Бірақ Қарабақ жанжалы толық шешімін таппай, екі ел арасындағы бітеу жараға айналды.

Соғыстан кейін Таулы Қарабақ облысы Әзербайжаннан бөлініп шығып, өзін Таулы Қарабақ Республикасы деп жариялап (оның тәуелсіздігін бірде-бір ел мойындамаған), көрініске тәуелсіз ел сияқтанғанмен, шын мәнінде Арменияның қол астында өмір сүріп жатыр. Алайда Әзербайжан үкіметі мұны ешқашан мойындамайды.

### ӘЗЕРБАЙЖАН – ТҮРКИЯҒА, АРМЕНИЯ РЕСЕЙГЕ АРҚА СҮЙЕЙДІ

Әзербайжан мен Түркия 2010 жылы стратегиялық әріптестік және өзара көмек жөніндегі келісімге қол қойған. Бұл құжат бойынша бір тарапқа әскери агрессия жасалған жағдайда екіншісі «мүмкін болған барлық әдістерді пайдаланып» оған көмектесуі тиіс. Осы келісім аясында екі мемлекет жыл сайын бірлескен әскери жаттығу өткізіп тұрады. Армения-Әзербайжан арасында қақтығыс қайта өршіген соң, Түркия президенті Режеп Тайып Ердоған Әзербайжанды ашық қолдап, Арменияның әрекетін «Әзербайжанға қарсы қасақана ашық агрессия» деп атады. Іле-шала Түркияның Ұлттық қорғаныс министрі Хулуси Акар да мәлімдеме жасап, «біз Армян тарапының шабуылын қатаң айыптаймыз. Әзербайжанның қасіреті – біздің де қасіретіміз. Бауырлас халқымызға қатты қайғырып, қаза болғандардың отбасы мен жақындарына көңіл айтамыз. Түркия Таулы Қарабақты басып алған Арменияның агрессиясына қарсы күресте Әзербайжанға қолдау көрсетуге дайын» деді. Түркияның бұл ұстанымы тұтанғалы тұрған отқа май құйғанмен бірдей болды. Осы мәлімдемеден кейін Әзербайжан жастары шеруге шығып, биліктен Арменияға соғыс ашуды талап етті. Олар «Біз мәселені бейбіт жолмен шешуді 30 жылға жуық уақыт күттік. Халықаралық құқықты бұзғымыз келмейді. Бірақ шыдамымыз таусылды. Әзербайжан армиясы – аймақтағы және әлемдегі ең күшті армиялардың бірі. Біздің халқымыз Қарабаққа ешқандай жеңілдік жасамайды. Егер мәселе бейбіт жолмен шешілмесе, Әзербайжан өз жерлерін күшпен босатуға бел буады» деп ұрандады.

Әрине, Армения да қарап отырған жоқ. Бұл ел де 1992 жылы Ресеймен стратегиялық әріптестік келісімшартын жасасқан. Оның үстіне, Ресей «Арменияда тұрақтылықты сақтаймыз» деген мақсатпен Арменияда 5 мың сарбазын тұрақты тұрғызып келе жатқанына көп уақыт болды. Ал Әзербайжан болса өңірде тұрақтылықты сақтау үшін Ресейдің емес, НАТО-ның немесе Түркияның әскері тұрғанын қалайды. Алайда бұған Ресейдің мүлде жол бермейтіні анық. Демек, өңірде жағдай күрделенсе, өздерін аймақтық держава санайтын Түркия мен Ресей де қол қусырып қарап отырмайды. Сириядағы жанжалда Ресей ұшағын Түркия атып түсіргеннен бері бірде қату, бірде тату болып келе жатқан Ресей мен Түркия Сирия мен Ливияда да соғысып қалуға шақ қалып, әупіріммен әрең қалғаны белгілі. Оның үстіне, Түркия – НАТО-ның мүшесі. Осы түйіндерді ескерсек, Қарабақтағы қантөгіс халықаралық қайшылыққа ұласып, тұтас Еуропаға әсер етуі әбден мүмкін.

### ҚАҚТЫҒЫС ЕУРОПАНЫҢ ДА ЕСІН ШЫҒАРДЫ

Әзербайжан мен Армения арасында жаппай соғыс басталып кетуінен бүкіл Еуропа да қатты алаңдайды. Өйткені мұнда бірнеше елдің энергетикалық һәм әскери мүддесі жатыр. Кавказ аймағының әлемнің энергетика саудасында алатын орны ерекше екенін ескерсек, екі ел арасында соғыс туа қалса, Еуропаға газ жеткізу жұмысына да үлкен ықпал жасап қана қалмай, Еуропаның Ресей газына тәуелділіктен құтылып, шикізатты Каспийден алсам деген жоспары құрдымға кетуі мүмкін. Себебі Әзербайжаннан тартылған екі құбыр Кавказды кесіп өтіп, Батыс Еуропаға мұнай-газ тасымалдайды. Екі құбыр да қақтығысқа себеп болып отырған даулы аймақ – Таулы Қарабаққа жақын маңда.

Қазір Бакуден Түркияның Жерорта теңізі жағалауындағы Джейхан портына дейін созылып жатқан құбырмен күніне 1 миллион баррель мұнай Еуропа және Израильге тасымалданады. Демек, құбыр жабылса, Еуропаға келетін шикізат көлемі күрт азаяды. Бұл – Еуропаның Ресей мұнайы мен газына тәуелділіктен құтылу жоспары да құрдымға кетті деген сөз. Өйткені Еуроодақ Ресей шикізатына тәуелділікті 35 пайызға азайтқысы келеді. Былайша айтқанда, Ресейден іргесін аулақ салып, Мәскеу газының орнын Әзербайжан шикізатымен толтыруға құлықты.

Ең маңыздысы, «Оңтүстік газ дәлізі» стратегиясына сәйкес Еуроодақ 2020 жылға қарай Каспийден тартылатын жаңа құбыр арқылы оңтүстік және орталық Еуропаға қосымша 10 миллиард текше метр көгілдір отын жеткізуді көздеп отыр. Бұл жоспар Каспий теңізінен көбірек мұнай тасымалдауға өте тиімді болмақ. Алайда Кавказдағы қақтығыс саябырламаса, құбыр салу жобаларын қаржыландыру қиын. Сондықтан Еуропа да Кавказ өңірінің тыныштығын қалайды.

*Беттегі суреттер ғаламтордан алынды*

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



### КЕЛІСІМГЕ КЕЛЕ АЛМАДЫ

**Бірнеше күнге созылған Брюссельдегі Еуроодақ саммиті жексенбі күні де нәтижесіз аяқталды. Жиында талқыланған басты мәселе – коронавирус індеті салдарынан туындаған экономикалық тығырықтан шығу.**

Дания, Австрия, Нидерланды, Финляндия, Швеция экономиканы қалпына келтіруге жұмсалуы тиіс 750 миллиард еуро тым көп және оны грант емес, қарыз ретінде беру керек деп санайды. Бұған індеттен зардап шеккен Италия, Испания сияқты мемлекеттер қарсы. Олар Еуроодақты одақ мүшелеріне қажетті дәрежеде көмек бермеді деп кінәлайды.



### ҚАЖЫЛАРДЫ ҚАРСЫ АЛУҒА ДАЙЫН

**Сауд Арабиясы қажылыққа толығымен дайын. Бұл туралы қажылық қауіпсіздігі күштерінің қолбасшысы Заед аль-Туайлан мәлімдеді. Биыл Сауд Арабиясына 160 елдің азаматтары барады деп күтілуде.**

«Бұл коронавирустық инфекциядан қажыларды сақтау үшін шұғыл шаралар қабылданған ерекше маусым болады» деді ол. Корольдікте 250920 коронавирус жағдайы тіркелген. Індеттен 2486 адам көз жұмған.



### ДЕРТ ДЕНДЕП БАРАДЫ

**Әлемде коронавирусты жұқтырғандар саны 14,5 миллионға жуықтады. 605 мың адам көз жұмды. 8 миллион 700 мыңнан аса адам індеттен айықты.**

Дерт АҚШ, Бразилия, Үндістан, Ресей мен Оңтүстік Африка Республикасында дендеп барады. АҚШ-та ауруға шалдыққандар 4 миллионға таяса, Бразилияда 2 миллионнан, Үндістанда 1 миллионнан асты. Ал Қазақстанда 72 мың адам індет жұқтырып, 585 адам бақилық болды. Пневмониядан көз жұмғандар – мұның сыртында.

Бетті дайындаған Қалиакбар **ҮСЕМХАНҰЛЫ**





# ҮМІТ ҮЙІ

**Елімізде коронавирус пандемиясына байланысты карантин шаралары енгеннен кейін, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың саны артқан. Мамандардың мәліметінше, мекемелер мен кәсіпорындар жұмысының тоқтауы, мектептер мен балабақшалардың жабылып, карантин енгізілуі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың көбеюі мен отбасылық жанжалдың туындауына себеп болып отыр. Бұл ретте қаладағы осы проблеманы зерттеп, зардап шегушілерге әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетіп жүрген «Үміт» дағдарыс орталығымен байланыстық.**



### ЖОЛДАМА БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНАДЫ

«Үміт» дағдарыс орталығы 2013 жылдан бері тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болған әйелдер мен балаларды жатын орынмен қамтамасыз етіп, психологиялық қолдау көрсетіп келеді. Орталыққа 18-ден 58 жасқа дейінгі аналар кәмелетке толмаған балаларымен, өз еркімен немесе білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және ішкі істер органдарының жолдамасымен қабылданады.

Аталмыш орталық жетекшісі Галихан Куканбековтің сөзінше, елдегі карантин режимі вирустың таралуын тежегенмен, әйелдер мен балаларға жасалған зорлық-зомбылықты ушықтырып отыр. Негізі, отбасылық дау-дамайдың туындауына тұрмыстық қиыншылық, қызғаныш, түсініспеушілік және қаржы тапшылығы да себеп болатын көрінеді. Орталық басшысы бүгінде тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша сенім телефонына түскен қоңыраулар саны былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда 32 пайызға өскенін айтты.

«Біз карантин кезінде індеттің таралуына жол бермеу үшін жартылай қашықтан қызмет етіп жатырмыз. Дегенмен орталық зорлық көрген әйелдерді қабылдауын тоқтатқан жоқ. Барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, көмекке мұқтаж жандарды қабылдап жатырмыз. Дәрігерлермен тығыз байланыстамыз. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары, психологиялық қысым көрген және қаржылай қиындыққа тап болған қыз-келіншектерге қолдау көрсетеміз. Арнайы мамандармен екі жақты жұмыс істейміз. Жәбірленушінің күйеуімен де байланыс орнатамыз. Татуласып жатқанның өзінде бір жыл біздің бақылауымызда болады. Біз жәбірленуші тарапындамыз, дегенмен ажырастырудан аулақпыз. Керісінше, шаңырағы шайқалған отбасы мүшелерін басын біріктірсек, біздің мақсатымыздың орындалғаны» дейді мекеме басшысы.

Айта кету керек, жыл басынан бері орталық 115 адамға қызмет көрсетіп, 297 түсіндіру шараларын өткізген. Қызмет алушылардың 96,5 пайызы – (86-дан 83 адам) физикалық зорлық-зомбылық, 94,2 пайызы – (86-дан 81 адам) экономикалық зорлық-зомбылық, 99 пайызы – (86-дан 85 адам) психологиялық зорлық-зомбылық, 22,1 пайызы (86-дан 19 адам) жыныстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған.

Дағдарыс орталығы 50 төсек-орынға есептелген. Ғимарат алты қабаттан тұрады, жалпы ауданы – 1809,2 шаршы метр. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында толықтай бейнебақылау жүйесі орнатылған. Орталықта ойын бөлмесі, оқу бөлмесі, кір жуатын бөлме, бассейні бар сауықтыру кешені, еңбек терапиясы бөлмесі мен озық үлгідегі ойын құралдарымен жабдықталған балалар ойын алаңы және жаттығу залы бар.

### ШЫРАҒЫҢ СӨНБЕСІН

Орталықтағы әр жанның жүрек қынжылтар өз оқиғасы бар. Екі баланың анасы Айнұр өз оқиғасымен бөлісті. Ол күйеуінен жәбір көріп, өмірден күдер үзгенде осы мекемеден пана көрген.

«Жұбайымнан жәбір көрдім. Ол құрылысшы болып жұмыс істейтін. Карантинде жұмыссыз қалып, ішімдікке салынып кетті. Бұрыннан ішіп алса, жоқ жерден ұрыс шығарып маған жұдырық ала жүгіретіні бар еді. Бірақ онысына балаларым үшін шыдап бағатынмын әрі табыс тауып отыр ғой деп көніп келдім. Барар жерім болмаған соң, соққыға мойынсұндым. Менен асқан кешірімді адам жоқ шығар. Қаншама рет кешірдім. Бірақ карантинде күнде үйде болған соң, үйде жатып ішуді шығарды. Бірде ішімдікке тойып алып, маған пышақ ала жүгіргені бар. Балаларын да себепсіз ұрды. Бұл туралы ешкімге айта алмадым. Әке-шешем – жасы үлкен адамдар, уайымға салғым келмейді. Өмірден түңіліп, өз-өзіме қол жұмсауға дейін бардым. Сондай үмітім үзілген кезде «Үміт» орталығынан қолдау таптым. Балаларын да жақсы көрмейтін, қатыгез адаммен өмір сүргенше, жалғыз тұрған әлдеқайда артық. Ал орталықтың барын білгенде өмірге қайта келгендей болдым. Өзім сияқты жәбір көрген аналарға айтарым, шырақтарың сөнбесін. Ешқашан үміт үзбеңдер, балаларың үшін өмір сүруге міндеттісіңдер. Маған жаңа өмір сыйлаған «Үміт» үйіне алғысым шексіз» деп риясыз көңілін білдірді.

«Үмітке» жалғыз күйеуінің тарапынан емес, туған ата-анасынан, баласынан, ағасынан, туысқанынан зәбір көрген адамдар да келіп орналасатын көрінеді. Мәселен, «Үміт» үйіне келгеніне бес күн болған екінші топтағы мүгедек, 50 жастағы апа бар. Ол өзінің асыраушы ағасы мен әпкесінен жәбір көрген.

«Тұрмыстық-әлеуметтік көмек бойынша келген кісіге жеке бөлме береміз. Сол бөлмеде ол алты ай тұрады. Ол адамның жарты жылдағы тамағын, киімін, жүріс-тұрысының барлығын мемлекет қамтамасыз етеді. Егер сол уақыт аралығында ол кісі ажырасамын деп жатса, орталықтағы заңгерлердің көмегіне жүгіне алады. Ал егер алты айда отбасылық мәселесі шешілмесе, орналасу уақытын созып береміз. Әлеуметтік-педагогикалық қызметкерлеріміз балаларына қарайласады» деп таркатты орталық директоры.

### ҚАНДАЙ КӨМЕК БЕРІЛЕДІ?

Орталық 8 негізгі бағыт бойынша арнайы әлеуметтік көмек көрсетеді.

**Әлеуметтік-тұрмыстық:** Қызмет алушылар барлық керек-жарақтармен қамтылады. Тұратын бөлмесі толықтай жиһаздармен жабдықталған, әр бөлмеде жеке жуыну бөлмесі бар.

**Әлеуметтік-құқықтық:** Қызмет алушылырға жоғалтқан құжаттарын қалпына келтіруге, жұмысқа орналасуға, балаларының мектепке дейінгі және орта білім беретін мекемелерге орналасуына көмектеседі.

**Әлеуметтік-медициналық:** Дағдарыс орталығының медицина қызметкерлері дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсетеді, денсаулығы, санитарлық талаптарды сақтау мен өмір сүру жағдайына күн сайын тексеріс жүргізеді, салауатты өмір салтын сақтауға бағытталған дәрістер оқылады.

**Әлеуметтік-психологиялық:** Орталыққа түскен әйелдермен және балалармен психолог жұмыс жасайды.

**Әлеуметтік-мәдени:** Апта сайын қызмет алушылар мен балаларға арналған мәдени-демалыс іс-шаралар ұйымдастырылады.

**Әлеуметтік-еңбек:** Өз алдына табыс табуға ынталы қыз-келіншектер жұмыссыз қалмайды. Орталық мамандары шаштараз, аспаздық өнерден бөлек, тігіншілік пен компьютерлік сауат ашу курстарына да жолдама беруге әзір. Кейін мамандығына сәйкес тұрақты қызмет табуына қол ұшын созады.

**Әлеуметтік-педагогикалық**: Отбасылық құндылықтарды дамытуға бағытталған, қызмет алушылардың мінез-құлық дағдыларын өзгерту бойынша сабақтар ұйымдастырылады.

**Әлеуметтік-экономикалық**: Қызмет алушыларға азаматтық, отбасылық, мүліктік және заттық құқықтарға, құжаттарды қалпына келтіруге, жеңілдіктер, жәрдемақылар, өтемақы және басқа да төлемдерді алу мен тұрғын үй мәселесін толықтай шешіп береді.

Орталықтың байланыс деректері: 49-78-89, e-mail: centr_07_2013@mail.ru.

**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ**





@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

# ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ АДАМДАРДЫ АРБАУ ТӘСІЛДЕРІ



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы №124 қаулысы бойынша Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама бекітілді. Бағдарламаның 8-бөлімі, 5-тармағына сәйкес, деструктивті діни ұйымдардан зардап шеккен тұлғалар мен оны ұстанушылардың оңалту жүйесіне күшейту енгізілген.**

Деструктивті діни ұйымдардан зардап шеккендер мен оны ұстанушыларын оңалту жұмысында оларды жат діни ағымдар өздеріне қалай арбайды, қандай әдіс-тәсілдер арқылы өздеріне тартып жатыр? Осы мәселелерге басты назар аударуды қажет етеді. Ресейлік психологтар мен дін саласының мамандарының зерттеулеріне сәйкес, бұл мақалада теріс пиғылды діни ағымдардың адамдарды өздеріне тарту әдістерінің кезеңдері, психологиялық техникалары мен ерекшеліктері қарастырылған.

Жалпы, тұлғаны деструктивті діни ағымға тарту үш түрлі кезеңнен өтеді:

Бірінші кезең – индоктринация фазасы. Деструктивті діни ағымға адамды «құтқару» түрінде ешқандай қиындықсыз жүзеге асады. Көптеген адамдар деструктивті діни ағымға өмірлік дағдарыстық кезеңінде, дағдарыстық жағдайларында түседі. Индоктринация жеке тұлғаға және де сол топ мүшелеріне пікір, идея, көзқарастары болып жатқан жағдайларға байланысты енгізу және т. б. мақсатта әсер ету бойынша психологиялық тәсілі, құралы болып келеді. Индоктринация нәтижесінде деструктивті діни ағымның адепттері сол ұйымға тәуелді бола бастайды. Деструктивті діни ағым көшбасшылары және белсенді мүшелері жасаған арбау техникаларын саналы түрде байқамайды және олардың қауіпті ұйым екендігін де саналай алмайды. Деструктивті діни ұйым мүшелері индоктринацияны зорлықпен, күштеп көрсетуін келесідей бірнеше фазаларға бөліп қарастыруға болады:

1. Деструктивті діни ағымның мүшелерімен жүзеге асады. Бұл фазада адамдар эмоционалдылық тұрақтылықты жоғалтады немесе өз эмоция, сезімдерінен шатаса бастайды.

2. Деструктивті діни ұйымның негізгі доктриналарын үйретуге бағытталады. Бұл фазаның негізгі міндеті болып, өздерінің құпиялары мен идеологияларымен тұлғаны сол ұйымға психологиялық тәуелді ету болып табылады. Бұл фазада психологиялық арбау техникалары әртүрлі көріністе болады, олар: арнайы курстар, семинарлар, дәрістер, Құдайға құлшылық ету, кітаптарды зерттеу және оқу, видео көрсетілімдер және т. б. технологиялары пропорцияланған түрде арқылы жүзеге асырады.

3. Тұлғаның бұрынғы тобымен, жақын адамдарымен, отбасы мүшелерімен, достарымен және т. б. қарым-қатынасы үзіле бастайды, жаңа топ, яғни деструктивті діни ұйыммен қарым-қатынасы жақындай түседі.

4. Деструктивті діни ұйыммен көп уақытты өткізе бастайды, әлемнен, өз еркіндігінен оқшаулана бастайды.

5. Деструктивті діни ағымның ілімдеріне бағытын нығайтады, тұлғаның санасы мен діни ағыммен сәйкестілік сезімін бақылауға алады.

Екінші кезең – сананы бақылауға алу. Сананы бақылауға алу – ғылыми психологияның зерттелген эксперименттері мен деректеріне сәйкес, адамның мінез-құлқының, ойлау жүйесінің сезімдері мен эмоциясының тез әрі күрт өзгеруіне алып келеді. Бұл көбінесе әлеуметтік-психологиялық арбау техникасы (манипулятивті техникалар) және қысымы жоғары деңгейдегі топтарда жиі қолданылады. Сананы бақылау – адамды діни сенімге қысым көрсетіп итермелеу немесе адамды ешқандай нақтыланған дерексіз сендіру. Сананы бақылау келесідей техникалар арқылы жүзеге асады:

1. Топтық қысым және «махаббатпен бомбалау» (бомбардировка любовью) ойындар, балалар секілді ойындармен, ән айту арқылы, құшақтасу арқылы өздеріне деген күмәнді өлтіреді. Бұл әдістің негізгі мақсаты әдептің адамдарға қажет екендігін сезіндіру, олармен қарым-қатынастың жағымды екенін ұғындыру болып табылады.

2. Адамның ойлау өрісін, ойлау жүйесін тоқтататын техникаларды қолданады. Ол техникалар: медитативті техникалар, монотонды ән айтқызу, белгілі бір іс-әрекеттерді қайталап жасатады. Бұл әрекеттердің барлығы адамның бойында өзін-өзі сезіну (внушаемость) деңгейін жоғарылатады.

3. Адепттерге жазалау және марапаттау, мадақтау тәсілдерін кезек-кезек жасайды, ол адамның бойында өзін-өзі кінәлау және қорқыныш сезімдерін тудыра бастайды.

4. Деструктивті діни ағымның рухани жаттығулары, қажетті тренингтерін, шұғыл арада орындау қажет жобаларын толыққанды орындаған адамдарға мадақтау, марапаттау жүреді. Көп жағдайда олардың тренингтері ақылы және өте қымбат бағада болып жатады.

5. Денсаулықты жақсарту мен рухани жетістікке жетуге бағытталған арнайы диеталар мен адекватты емес тамақтану режимдерін, тәртіптерін орнатады. Оның өзі адамды сол деструктивті діни ұйымға одан әрі тәуелді ете бастайды.

6. Сенсорлы тұрғыдағы артық жүктеме қысқа уақыттың ішінде өздерінің діни доктриналарын қабылдатады, жаттатады, өзгеріске енгізеді. Бұл әдістің негізгі мақсаты – алдыңғы іс-әрекеттері мен әдеттерінен мүлдем өзгеріске енгізу, яғни ұмыттыру.

Үшінші кезең – консолодиция. Консолодиция – сананы толықтай бақылауға алғаннан кейін жүзеге асатын таңдалынған кезең болып табылады. Бұл кезеңде адепт жаңа мінез-құлықты өздерінің бойына шоғырландырып алған соң, деструктивті діни ағым мен оның мүшелерімен қатаң байланыстар орнатып алған соң, қайтадан бұрынғы өміріне орала алмайтындығына көз жеткізеді. Мұнда қатаң бақылау орнату, ұйымда топпен бірге өтетін уағыздар, сол деструктивті діни ағымды қолдамайтын адамдармен әлеуметтік байланысты үзу, сол деструктивті діни ағымға жан-тәнімен берілгендік талаптары қойылады. Адептінің ол діни ағымға жан-тәнімен берілуі үшін ұзақ уақыт пен үлкен күш-жігерді қажет етеді және төмендегідей ретте орындалады:

1. Адептінің діни ағымның қатаң талаптарын ұстану және табыну, діни ағым үшін бар жанын беруге, адалдығын күшейтуге бағытталады;

2. Транстық жағдай тудыратын әдіс-тәсілдер: медитативті техникалар, дұғалар оқу, монотонды ән шырқау, өздерінің арнайы тілдерінде сөйлеу, өз-өзіне гипноз жасау секілді қолданады;

3. Адепт өзінің осы деструктивті діни ағымға адал екендігін жар салып, публикада айтуына ықпал жасайды;

4. Адептілерді қайта-қайта қорқыта береді: «Егер сен кетсең, сенің отбасың және жақын адамдарың қысым көреді немесе зардабын шегеді», «Егер сен кетсең, сенің өміріңнің астан-кестеңі шығады», «Егер сен кетсең, жаның құриды» деген сияқты сөз тіркестерін қайталап айта береді;

5. Адептіге деструктивті діни ағымның талаптарын одан да жақсы орындасаң, саған өзің қалаған сыйақыны береміз деп талпындырады, егер топ ішіндегі басқа адепт оған жетіп жатса, басқа адепттер өздерін кінәлай бастайды;

6. Тек өздерінің діни кітаптарын оқуға бағыттайды, басқа жақтан ақпарат алуға шектеу қояды. Егер басқа жақтан ақпарат алатын болса, адептте салыстырмалы түрде деструктивті діни ағымға сыни көзқарастар туындауы мүмкін;

7. Деструктивті діни ағымды ұстанбайтын адамдардан эмоционалды қолдау мен байланыс болуына шектеу қоя бастайды;

8. Адепт деструктивті діни ағымның мүшелеріне эмоционалды түрде тәуелді бола бастайды, ал діни топта жоқ басқа адамдармен қарым-қатынаста паранойя сезімі күшейеді.

**Гүлжан МЫРЗАҚҰЛОВА**




# ЕЛДІКТІ ТУ ЕТКЕН ЕРІКТІЛЕР

**Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылды Еріктілер жылы деп жариялады. Мемлекет басшысының бұл шешімі еліміздің жастары үшін баға жетпес мүмкіндік болды. Себебі жастар қоғам ісіне қатысу арқылы сенімді, елін сүйер азамат болып қалыптасады.**

Қасым-Жомарт Кемелұлының саясатын қолдау аясында «Нұр-Сұлтан қаласының Дін мәселелерін зерттеу орталығы» базасында жыл басынан жастар арасынан өзіміздің атқарып жатқан саламыз бойынша еріктілер тобын құруды жоспарлаған болатынбыз. Бүгінгі таңда орталық жанынан Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан жоғары оқу орындарының белсенді студенттерінен жасақталған 17 жас еріктілер тобы жұмыс атқарып келеді. Мақсат – қаламыздың жас тұрғындарына діни экстремизмге қарсы иммунитет қалыптастыру, жастарға жастар тілімен дәстүрлі дінімізді насихаттау және оларды жат діни ағымдардан қорғау.

Жас еріктілер тобының негізін дінтану, теология және заң мамандығы бойынша білім алып жатқан жастар құрайды. Жалпы жыл басынан 40-тан аса студент ерікті болуға өтініш білдірді. Солардың ішінен мақсаты айқын, белсенді, патриот әрі білімді жастарды таңдап алдық. Қазір бұл еріктілер орталықтың жоспарын жүзеге асыру үшін өз үлесін қосуда.

